Нәтижелер мен талқылаулар. Өшпенділік сипаттағы сөздердің анықтамасы нақты мойындалмаған және бұл анықтаманың жеке аспектілері толық келісілмеген. Сонымен қатар жеккөрушілік сөздер мен тиісті сөз бостандығы арасындағы шекара айқындалмаған, осыған орай мамандар жеккөрушілік мағынасындағы сөздерге нақты анықтама беруден қашқақтайды. Мысалы, американдық заңгерлер қауымдастығы ресми анықтама бермейді, бірақ оның орнына қылмыстық әрекетке ықпал ететін мәлімдемелер жеккөрушілік қылмысының бөлігі ретінде жазалануы мүмкін деп мәлімдейді [10]. Сол сияқты, біз де нақты анықтаманы ұсынбай, оның орнына өшпенділік тілінің тууына себепші болатын факторларды анықтап және осы жағдайда қандай техникалық мәселелер туындауы мүмкін екендігі туралы нақты түсінік алу үшін негізгі анықтамаларды қарастырып көрейік.

*Еуропа Кеңесі өшпенділік тіліне «нәсілшіл жеккөрінішті, ксенофобияны, антисемитизмді немесе жеккөрініштің төзімсіздікке негізделген басқа да кез келген формасын, соның ішінде ұлтшылдықты, этноцентризмді және мигранттар мен иммиграция көргендердің балаларына деген алауыздықты тарататын, үгіттейтін, ынталандыратын немесе ақтайтын сөздердің кез келген түрі» деген анықтама береді;

* Америка конституциясының энциклопедиясында «Жеккөрушілік сөздер – бұл нәсіліне, дініне, этникалық тегіне, ұлтына, жынысына, мүгедектігіне, жыныстық бағдарына немесе гендерлік ерекшеліктеріне негізделген адамға немесе топқа шабуыл жасайтын сөздер» [11] делінген;

* БҰҰ-ның Нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі комитеті өшпенділік тіліне «адамның қадір-қасиеті мен теңдігінің негізгі принциптерін жоққа шығаратын және

жеке адамдардың немесе халық топтарының мүддесін қоғамның алдында төмендетуді көздейтін, айналадағыларға қарата айтылатын сөйлеу формасы» деген анықтама берген;

* Facebook: «Біз жеккөрушілікті адамдарға тікелей шабуыл ретінде анықтаймыз, біз оны нәсіліне, этникалық тегіне, ұлттық тегіне, діни тегіне, жыныстық бағдарына, кастасына, жынысына, гендерлік ерекшелігіне, сондай-ақ ауыр ауруға немесе мүгедектікке байланысты қорғалған сипаттамалар деп атаймыз. Біз сондай-ақ иммиграция мәртебесін алу үшін кейбір қорғаныс шараларын ұсынамыз. Біз шабуылды зорлық-зомбылық немесе адамгершілікке жатпайтын мәлімдемелер, кемшілік туралы мәлімдемелер немесе алып тастауға немесе бөлуге шақырулар ретінде анықтаймыз» [12];

* Twitter: «Жеккөрушілік мінез-құлық: сіз басқа адамдарға қатысты зорлық-зомбылықты насихаттауға, оларға тікелей шабуыл жасауға немесе нәсіліне, этникалық тегіне, ұлттық тегіне, жыныстық бағдарына, жынысына, гендерлік ерекшелігіне, дініне, жасына, мүгедектігіне немесе ауыр науқасына байланысты қорқытуға құқығыңыз жоқ» [13].

Бір қызығы, жоғарыда келтірілген кейбір анықтамаларда өшпенділіктің нақты бір топқа бағытталуы қажетті шарт болып табылады. Анықтамалар арасындағы жалпы тақырып - бұл шабуыл топтың немесе халықтың жеке басының қандай да бір бағдарларына негізделген. Нақтылар болсақ, өшпенділік тілінің негізгі көздейтіні - бұл адамдарды зорлық-зомбылыққа немесе жеккөрушілікке итермелеу және нақты бір тұлғаларды сөзбен қорлау немесе кемсіту.

Өшпенділік тілі немесе жек көрушілік риторикасы – адамдардың белгілі бір тобына тілдік құралдар арқылы өшпенділік таныту. Бұл адамдарды зорлық-зомбылыққа шақырады, әртүрлілікті жоққа шығарады, әлеуметтік өшпенділікті тудырады. Осылайша, адамзатты өзара біріктіріп тұрған ортақ құндылықтар мен ізгілік ұстанымдарына қатер төндіреді. Бұл дегеніміз ұлттық қауіпсіздік пен адамның жеке бас құқықтарына деген тікелей қауіп.

Әлеуметтік желілер үшін «өшпенділік тілі» ыңғайлы бола бастады. Астыртын түрде өзгелерге тіл тигізуге, сөзбен қорлауға болады. «Өшпенділік тілін» біртіндеп көбейтудегі мақсат – дискурсив кеңістіктің ұлғаюына ықпал ету, кейбір топтарға деген адамдардың жеккөрініш сезімін тудыру, қоғамды қатыгездік күйге түсіру. Қазіргі таңда әлеуметтік желіні қолданушылар арандату, дискриминация, экстремизм сипатындағы хабарламаларды тарату үшін кез келген себепті пайдаланады.

Еліміздің әлеуметтік желі тұтынушылары «Өшпенділік тіліне» жиі ұшырай ма? Осы орайда сауалнама жүргізген едік (сауалнамаға ЖОО-ның 50 студенті қатысты), қорытындысы төмендегідей:

Кесте №1



Жастардың өшпенділік тілінің қандай түріне жиі ұшырайтындығы да сараланды:

Кесте №2



«Зорлық-зомбылық» немесе «кемсітушілік» лексикасын қолданатындар да қоғамда көп кездеседі. Мұндай жағдайда толеранттылық төзімсіздікке ауысады, адамды құрметтеп сөйлейтін мәнер кемсітетін және менсінбейтін мәнерге айналады, тұлғаралық қатынастарды сипаттайтын сыпайылық дәрежелікпен алмасып, ашық тіл тигізуге жол беріледі. Мұны көп жағдайда текетірес риторикасы деп те жүрміз. Бұл сөзімізге төмендегі мысал дәлел бола алады. Өткен жылы Chocofamily Holding негізін қалаушы қазақстандық кәсіпкер Рамиль Мухоряпов елге келген ресейліктер алдында сөйлеген сөзінде Қазақстанда «орыс тілін біле тұра» қазақ тілінде сөйлегендерді сынап, мұны «ұлтшылдық пен мәдениетсіздіктің белгісі» деп атаған болатын. Кәсіпкер сөзін желі қолданушылары қатаң сынға алып, компанияның қызметін пайдаланудан бас тарту науқаны да басталған еді. Кейбір қолданушылар компания сайттарының қазақша нұсқасының жоғына да назар аударып, оларды заң алдында жауапқа тарту керек деп ұрандатты. Міне, осындай үлкен даудан кейін компания оқиғаға арнайы түсініктеме берді. Олар кәсіпкердің «қателескенін» айтып, қазақ тіліндегі нұсқасы жоқ сайттарын қазақшалауға да уәде берді және ол қазақ халқынан кешірім сұрауға мәжбүр болды [14].

Бытырғы жылы елімізді дүрліктірген «Пинта дауы да» мысал болуға сұранып тұр. Алматыда орналасқан «Пинта» компаниясы барларында қазақ әнінің әуелеуіне шектеу қойған. Мұны көпшілік «Қазақстан республикасының мемлекет тілін менсінбеушілік» және тұтынушылардың құқықын бұзу деп бағалап, қоғамда үлкен резонанс тудырды. Қоғам белсенділері бастап барлық қазақтар аталмыш барға байкот жариялады [15].

Қазіргі кезде көпшіліктің атынан жалпылама сөйлеу және өз пікірін елдің бәріне таңу ұстанымы көп кездеседі. Қазақ мұны «тисе терекке, тимесе бұтаққа!» дейді. Бұл бізде көбінесе танымал адамдар тарапынан көп қолданылып жатады. Мысалы, белгілі актер Алмат Сақатов «Күйеуің қыдырып кетсе, шыда!» деген пікір айтып, үлкен дауға қалды [16].

Біздің елімізде өшпенділік тілінің нысанына этникалық және діни топтар да көп ілініп кетіп жатады. Оның негізгі сипаттамалары:

- Этникалық немесе діни топтардың теріс бейнесін қалыптастыру;
- Оларды кемсітіп сөйлеу.

Бұл сөзімізді дәлелдеп көрейік. 2023 жылдың 26-шілдесінде танымал Тоқтар Жақаш Facebook әлуметтік желісіндегі парақшасына «Павлодар облысында қос азаматтық алған 819 адам анықталған. Оның барлығы Қазақстан азаматтығынан айырылып, айыппұл арқалады» деген жазба жариялады [17], соған орай қолданушылардың пікірін жариялап

көрейік: «Сатқындық қой. Аш көздерге бәрі бір», «Елімізде сепаратистерге Заң жақсы жұмыс істеп тұр», «малғұннан әділдік күтіп, үміттенген қазақ қасқамыз ғой», «Кез келген орыс ұлты болашақ сатқын, тіпті күнін көреалмай жүрген жаман орыс ресей үшін жан беруге дайын», «Осы біздің елдің президентін, министрлерді кремілде тағаиындаидыау сірә, келе сала жаман орыстың жағдайын жасауға кіріседі» (қолданушылардың тіл-стилі өзгертілмей алынды), міне осылайша кете береді. Елімізде тұратын орыс ұлтының өкілдеріне жанама атаулар беріп, кемсітіп сөйлеу басым болып тұр.

Өшпенділік тіліне көп ұшырайтындар – танымал саяси қайраткерлер мен өнер адамдары. Олардың жеке басына тиісу, олар туралы жағымсыз пікір тудыруға ұмтылу, өш алу сияқты ниеттер анық танылады.

Мұндай мысалдар «Facebook» әлуметтік желісінде жиі кездеседі, мәселен Тоқтар Жақаш деген қолданушы «Қазақ тілі» қоғамының басшысы Рауан Кенжеханұлының «Қазақстанда мемлекеттік тілді радикалдық жолмен енгізуге болмайды» деген пікіріне «30 жылдан бері «асықпайық!» деуден шаршамайтын тағы бір назарбаевщина!» деген пікір білдіріп, жазба жариялаған [18], ал ол жердегі комментарийлерді оқып көрейік, бір қолданушы «Осындай құл-құтандардан-ақ көрдік-ау, көресіні» десе, келесілері: «Мына шалақазақ Қазақ тілі қоғамының басшысы қалай болды??», «Мәңгүрттердің астауынан су ішкен пақыр. Кетіңдер орысқұлдар», «Мынандай құлдық санадағы мәңгүрттер биліктен қуылуы керек», «Хайуан» (қолданушылардың тіл-стилі өзгертілмей алынды), міне осылай жалғаса береді.

Біздің елімізде де дамыған мемлекеттердегі сияқты сөз бостандығы шексіз ұғым емес және оның шегі бар екендігі ескеріліп, егер де өзгелердің өміріне, денсаулығына, жеке бас құқығына қауіп төндірсе, сөз бостандығына шектеу қойылады.

ҚР Қылмыстық кодексінің 174-бабы бойынша [19] «Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыруға, азаматтардың ұлттық арнамысы мен қадір-қасиетін не діни сенімін қорлауға бағытталған қасақана әрекеттер, сол сияқты азаматтардың дінге көзқарасы, тектік-топтық, ұлттық, рулық немесе нәсілдік қатыстылығы белгілері бойынша олардың артықшылығын не толыққанды еместігін насихаттау» жазаланады. Жаза түрлері – айыппұл, бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру (7 жылға дейін). Бұл заңсыздықтар әлеуметтік желілерде орын алса да қылмыс болып танылады. Сонымен қатар ҚР «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» кодексінің 453-бабында [20] нәсілдік және ұлт араздығын қоздыруға бағытталған мәліметтер мен материалдар қамтылған БАҚ өнімін тарату заңмен қудаланатыны анық көрсетілген. Егер әрекетте қылмыс белгілері болмаса, әкімшілік жаза тағайындалады.

Цифрлық медиа дәуірі онлайн-тілдесу және өніммен жасырын түрде және көбінесе салдары туралы артық ойланбастан бөлісуге мүмкіндік береді. Интернетте жазбамен бөлісу бірсәттік жұмыс болса, ал онлайн-сөйлесуді реттеуге арналған механизмдер жетілдірілмеген әрі баяу. Сонымен қатар, *дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарында кез келген ақпаратты жариялау алдында автордың өнімін редакциялық қадағалау жүзеге асырылатын қағида бар.* Тарихи тұрғыдан алғанда, бұл көбінесе жеккөрушілік тудыру үрдісін тиімді тежеуді қамтамасыз етті, алайда бұл әлеуметтік медиа платформаларында жұмыс істемейтін тәсіл.

Медиаөнім жариялаудағы жылдамдық пен толассыздық, сондай-ақ редакциялық бақылаудың болмауы әлеуметтік медиа платформаларын арнайы реттеуші органдар үшін ерекше қиындық көзіне айналдырады. Саясаткерлер реттеудің негізгі ауыртпалығын әлеуметтік медиа платформаларының иелері өз мойындарына алулары керек деген ұсыныс айтады: мысалы, тиімді шағым беру механизмдерін қамтамасыз ету және заңсыз мәлімдемелерді жою міндеттемелерін орындау. Бірақ бұл тәсілге қатыстысты қауіп бар, яғни заңды пікір негізсіз қателікпен жойылып кетуі немесе жалпы белгілі бір орта жеке адамдардың интернетте өзін-өзі көрсетуіне кедергі келтіруі мүмкін. Сонымен қатар мемлекет әлеуметтік медиа платформаларын реттеудің кез келген түрі сөз бостандығына шамадан тыс зиян келтірмеуін қамтамасыз етулері керек.

Ендігі кезекте, қазіргі таңда әлемнің дамыған елдерінде әлеуметтік желілердегі өшпенділік тілін заңдық тұрғыдан қалай реттеп отырғанын талдап көрейік. Америка Құрама Штаттары кейбір маңызды аспектілерде басқа бағаланған юрисдикциялардан ерекшеленеді [21]. АҚШ Конституциясына бірінші түзету үкімет пен мемлекеттік органдардың сөз бостандығын шектеуіне тыйым салады. Сөйлеу барысында жеккөрушілікті тудыруда аздаған қатер бар, бұл зорлық-зомбылыққа әкеп соғуы мүмкін. Алайда, Бірінші түзету әлеуметтік медиа платформалар сияқты жеке нысандарға сөз бостандығына орай өз шектеулерін енгізуге тыйым салмайды. Әлеуметтік медиа платформалары жеке сот процестерінен қосымша қорғалған, өйткені олар 1996 жылғы «Коммуникацияның әдептілігі туралы» Заңның 230-бөліміне сәйкес өз сайттарында орналастырылған контентті басып шығарушылар болып саналмайды.

Жеккөрушілік пен зорлық-зомбылыққа итермелейтін хабарламалар әлеуметтік желілерде бұрын мүмкін болмаған тәсілдермен таралады және уақыт өткен сайын күшеюде.

Ұлыбритания интернетте де, баспа басылымдарында да жеккөрушілік тудыру үрдісіне қарсы бірқатар қылмыстық тыйымдар енгізуде. Мәселен, бұл елдегі «Қылмыстар мен тәртіпсіздіктер туралы заң», «Қоғамдық тәртіп туралы заң», 1998 жылғы зиянды хабарламалар туралы Заң және 2003 жылғы «Байланыс туралы заң» адамдарды нәсіліне, этникалық тегіне, діни және жыныстық бағдарына байланысты қорлайтын мәлімдемелерге тыйым салады.

Еуропалық Одақ Электрондық коммерция туралы директиваны қабылдады, ол жарияланғанға дейін веб-сайттардағы контентті бақылауға тыйым салады, бұл Еуропадағы нормативтік бастамалардың дамуын қалыптастыратын және әсер ететін ереже. ЕО әлеуметтік медианы реттеудің одан басқа да нұсқаларын зерттеп жатыр.

Қазіргі уақытта Facebook компаниясы Twitter, Youtube, Instagram, Microsoft, Snapchat, Google+ және Daily Motion–мен әлеуметтік медиа платформаларының жауапкершілігін арттыру бағытында интернеттегі заңсыз мазмұнға қарсы іс-қимыл кодексін енгізіп, қарсы күресу туралы хабарлама жариялады. Мінез-құлық кодексіне сәйкес, бұл компаниялар 24 сағат ішінде кез келген заңсыз мазмұнды жоюға келісті.

Цифрлық медиа онлайн-сөйлесу мен контентті жасырын түрде және көбінесе оның салдары туралы ойланбастан бөлісуге мүмкіндік береді.

Екі жылдан астам уақыт бұрын енгізілген Германияның «Желідегі құқық қолдану туралы» Заңы әлеуметтік медиа платформаларына жылдам, ашық және тиімді жұмыс істейтін шағымдарды қарау тетіктерін құруға міндеттейді. Заңсыз медиаөнім анықталған кезде (Германияның қылмыстық кодексінің анықтамасына сәйкес) ол белгіленген мерзім ішінде жойылуы немесе бұғатталуы керек. Нақты мерзімнің белгіленуі мазмұнның анық заңсыз немесе жай ғана құқықбұзушылық екендігіне және әлеуметтік медиа платформасының мойындалған салалық өзін-өзі реттеу органымен ынтымақтасуына байланысты. Шағымдарды басқару жүйесіндегі жүйелік ақаулар, соның ішінде белгіленген жою мерзімдерін сақтамау және есеп беру мен ашықтық талаптарын елемей үшін 50 миллион еуроға дейінгі айыппұлдар салынуы мүмкін.

Әлеуметтік желілерді қоса алғанда, желідегі кең форматтағы форумдар пайдаланушыларға өз ойларын еркін айтуға, кейде жасырын түрде білдіруге мүмкіндік береді. Әрине, адамның өз пікірін еркін білдіруі оның жоғары деңгейде құрметтелетін әрі бағаланатын құқығы болып табылады, алайда осы бостандықты басқа топқа қарсы араздықты қоздыру және өшпенділікті тудыру мақсатында теріс пайдалану, бұл заңсыздық әрі қылмыс болып табылады. Мысалы, американдық заңгерлер қауымдастығы АҚШ-та жеккөрушілікті қоздыру заңды және бірінші түзетумен қорғалған деп мәлімдейді, бірақ ол зорлық-зомбылыққа тікелей шақырған жағдайда басқаша сипатта қарастырылатынын баса көрсетеді [22]. Сонымен қатар, Facebook, YouTube және Twitter сияқты көптеген онлайн форумдар өшпенділік сөздерді зиянды деп санайды және араздықты қоздыратын сөздерді қамтитын мазмұнды жою саясатын ұстанады [23, 24, 25]. Осыған орай олар бұл бағыттағы

қоғамның алаңдаушылығына бей-жай қарамай және интернеттегі өшпенділік сөздердің кең таралуына орай [26], жеккөрушілік сипатын танытатын сөздерді автоматты түрде анықтау бағытындағы зерттеуге құлшыныс танытып отыр. Олар осылайша жеккөрушілік тудыратын мазмұнның таралуын азайтуға болады деп есептейді.

Кейбір ұйымдар өз жүйелерінде **өшпенділік сөздер сөздігі сияқты сыртқы дереккөздерді** қолданады. Бұл тиімді болуы мүмкін, бірақ бұл бағыт техникалық қызмет көрсетуді және оларды жаңартып отыруды талап етеді, бұл өз алдына мәселе. Алайда, жалпы алғанда, барлық жүйелерде кемшіліксіз болмайды, мысалы, арандатушылыққа итеруді көздейтін ақпаратты таратқысы келетіндер қабылданған шараларды айналып өту жолдарын белсенді түрде іздейді. Осыған орай көп жағдайда платформалардың өз контенттерін өшіру әрекеттерінің алдын-алу сияқты шаралар қамтылуы керек болады.

Тағы бір мәселе, өшпенділікке толы, агрессивті және қорлайтын мәтіндерді анықтайтын жалпыға қолжетімді, мұқият таңдалған деректер жиынтығы көп емес. Қысқаша тоқталсақ:

* Hatebase Twitter. Дэвидсон және басқалар ұсынған 24 802 сөзден тұратын Твиттер жиынтығы [27].

* Васима. Васим мен Хови нәсілшіл, сексистік немесе екеуі де жоқ деп белгіленген 16 914 твиттерден тұратын Twitter деректер жинағын ұсынады [28]. Алдымен олар діни, жыныстық, гендерлік және этникалық азшылықтарға қатысты қорлау мен терминдерді қамтитын шамамен 136 000 твиттерден тұратын корпус құрды.

* Васимб [29]. Бұл таңдауда Waseem Твиттерге аннотация жасау үшін краудсорсингпен қатар феминистер мен нәсілшілдікке қарсы белсенділерді тартты.

* TRAC. Троллинг, агрессия және кибербуллинг (TRAC) семинары 2018 жылы ағылшын және хинди тілдеріндегі агрессивті мәтінді анықтауға бағытталған бірлескен тапсырманы алға тартты [30]. Агрессивті мәтін көбінесе жеккөрушіліктің құрамдас бөлігі болып табылады.

* ХатЕвал [31]. Бұл деректер жиынтығы semeval 2019-дан алынған (5-тапсырма) Твиттердегі әйелдер мен иммигранттарға деген жеккөрушілік көріністерін жан-жақты әрі көптілді негізде анықтау үшін құрылған. Ол бірнеше белгілер жиынтығынан тұрады. Біріншісі твиттің әйелдерге немесе иммигранттарға деген жеккөрушілігін білдіретінін, екіншісі - твиттің агрессивті екенін, ал үшіншісі - твиттің жеке адамға немесе бүкіл топқа қарсы бағытталғанын көрсетеді.

Назар аударыңыз, бұл деректер жиынтығы олардың көлемі, қолжетімділігі, аннотацияланған деректердің сипаттамалары және қарастырылған өшпенділік сөздерінің анықтамасына орай айтарлықтай ерекшеленеді. Сонымен қатар әр түрлі сала бойынша жіктелгенін көруге болады.

Өшпенділік сөздерді анықтаудың бірнеше танымал тәсілдері бар:

1. *Өшпенділік сөздерді анықтаудың автоматты тәсілдері.* Көптеген әлеуметтік медиаплатформалар жеккөрушілікке тыйым салатын ережелерді бекітті, дегенмен бұл ережелерді сақтау әр хабарламаны тексеру үшін көп қол еңбегі қажет. Жақында Facebook сияқты кейбір платформалар мазмұн модераторларының санын көбейтті. Автоматты құралдар мен тәсілдердің тексеру процесін жылдамдату үшін адам ресурстарын тиімді пайдалану жағы да қарастырылуы тиіс, яғни медиамәтіндерді мұқият тексеретін қызметкерлердің өзін бірнеше лауазымдарға бөлу керек.

2. *Кілт сөзге негізделген тәсілдер.* Өшпенділік сөздерді анықтаудың негізгі тәсілі - кілт сөзге негізделген тәсілді қолдану. Онтология немесе сөздік арқылы ықтимал өшпенділік кілт сөздерді қамтитын мәтін анықталады. Мысалы, Hatebase [32] 95 тілдегі көптеген топтар үшін өшпенділік мағынасындағы терминдер базасын қолданады. Мұндай ресурстар құнды, өйткені терминология уақыт өте келе өзгереді. Алайда, біз жеккөрушіліктің анықтамаларын зерттеу барысында байқағанымыздай, қорлайтын сөздерді қолдану оларды жеккөрушілік деп санау үшін жеткіліксіз.

3. *Бастапқы метадеректер ұсыну тәсілі.* Әлеуметтік желілердегі қосымша ақпарат жазбалардың сипаттамаларын жақсы түсінуге көмектеседі және сәйкестендірудің тиімді

тәсіліне әкелуі мүмкін. Жарияланымды орналастырған пайдаланушының демографиясы, орналасқан жері немесе тіпті платформадағы әлеуметтік белсенділік сияқты ақпараттар жарияланым туралы толық түсінік бере алады.

Алайда, бұл ақпарат сыртқы зерттеушілер үшін оңай қолжетімді бола бермейді, өйткені пайдаланушының құпия ақпаратымен деректерді жариялау заңға қайшы келеді. Сыртқы зерттеушілерде пайдаланушы туралы ақпараттың бір бөлігі ғана болуы мүмкін немесе тіпті мүлдем болмауы мүмкін. Пайдаланушы туралы ақпаратты пайдалану кейбір этикалық мәселелерді де тудыруы мүмкін.

Өшпенділік сөздерді анықтаудың автоматты жүйелері жиі ұшырасатын мәселе - уақыт пен тарихи контекст бойынша тақырыптарға деген көзқарастың өзгеруі.

Келесі бір ескеретін жайт: өшпенділік сөздерді автоматты түрде анықтау - бұл жабық жүйе; адамдар мұның болып жатқанын біледі және анықтаудан белсенді түрде аулақ болуға тырысады. Адамның жеке басын қорлайтын хабарламаларды таратқысы келген пайдаланушылар бұл шараларды тез арада айналып өтудің жолдарын табады, мысалы, мәтіннің өзі емес, мәтіні бар суреттер түрінде мазмұнды орналастыру. Белгілі бір мәселені шешу үшін таңбаларды оптикалық тануды қолдануға болатынына қарамастан, бұл болашақта өшпенділік сөздерді табудың қиындығын тағы бір рет көрсетеді.

Қорытынды

Қазіргі таңда цифрлық коммуникацияны құқықтық тұрғыдан реттеу мәселесін қарастырғанда медиасауаттылық мәселесі де алға тартылады, өйткені әлеуметтік желіні тұтынушы, яғни кәсіби маман «медианың функцияларын түсіну қабілетіне, осы функцияларды орындау сапасын бағалауға және өз ойын білдіру мақсатында медиамен рационалды қарым-қатынасқа түсуге мән беруі» [33] қажет.

Жеккөрушілікті қоздыру әлеуметтік мәселе болып қала беретіндіктен, өшпенділік сөздерді автоматты түрде анықтау жүйелеріне деген қажеттілік барған сайын айқын бола бастады. Біз бұл мәселені шешудің заманауи тәсілдерін, сондай-ақ ақылға қонымды дәлдікті қамтамасыз ететін жаңа жүйені ұсынуға тиіспіз. Сонымен қатар БАҚ пен әлеуметтік желілерде араздық тілін тану мен бекітудің тиісті әдістемесін әзірлеуіміз қажет.

Интернеттегі өшпенділікті тудыру мәселесін реттеу маңызды саяси міндет болып табылады. Мемлекет әлеуметтік медиа платформаларын реттеудің кез келген тетігі сөз бостандығына шамадан тыс зиян келтірмеуін қамтамасыз етуі керек. Мәселенің күрделілігін ескере отырып, сөз бостандығын қорғау мен жеккөрушілікке тыйым салу арасындағы жақсы тепе-теңдікке қол жеткізілгенін бағалау үшін бүкіл әлем бойынша жаңа заңнамалық бастамаларды мұқият қадағалау қажет. Бұл мониторингті жүзеге асыру үшін әлеуметтік желілерде жұмыс істейтін компаниялар жойылатын контент туралы ашықтық саясатын ұстанғандары дұрыс, сонымен қатар зерттеушілерге және жалпы жұртшылыққа тексеру үшін өз деректерін ұсынулары керек.

Әдебиеттер тізімі

1. De Fleur M.L., Ball-Rokeach S.J. Theories of Mass Communication. – New York-London, Longman, 1989. – 8 p.
2. Elliott A., Urry J. Mobile lives: self, excess and nature. London and New York: Routledge Taylor&Francis Group, 2010.
3. Лугуценко Т.В. Повседневность в пространстве виртуальной культуры // Культура и цивилизация. – 2015. – Вып. № 1-2 (2). – С. 55-60.
4. Ожегов С.И. Словарь русского языка: ок. 57 000 слов / Под ред. чл.-корр. АН СССР Н.Ю. Шведовой. – 19-е изд., испр. – М.: Рус. яз., 1987. – 750 с.
5. Федюнин Д.В., Гончарова Н.Ю. Современные особенности построения цифровых коммуникаций и их эффективность // Практический маркетинг. – 2012. – № 11 (189). – С. 28-34.
6. Чудновская И.Н. Коммуникация в эпоху цифровой революции // Социология. - 2008. - №4. - С. 114-117.

7. Robertson C, Mele C, Tavernise S. 11 Killed in Synagogue Massacre; Suspect Charged With 29 Counts. - 2018.
8. The New York Times. New Zealand Shooting Live Updates: 49 Are Dead After 2 Mosques Are Hit. - 2019
9. Sean MacAvaney, Hao-Ren Yao, Eugene Yang, Katina Russell, Nazli Goharian, Ophir Frieder. Hate speech detection: Challenges and solutions. [Electronic resource]. URL: <https://doi.org/10.1371/journal.pone.0221152>/<https://journals.plos.org/plosone/article?id=10.1371/journal.pone.0221152> (Accessed: 2.10.2023).
10. Ross B, Rist M, Carbonell G, Cabrera B, Kurowsky N, Wojatzki M. Measuring the Reliability of Hate Speech Annotations: The Case of the European Refugee Crisis. In: The 3rd Workshop on Natural Language Processing for Computer-Mediated Communication @ Conference on Natural Language Processing. - 2016
11. Nockleby J.T. Hate Speech. Encyclopedia of the American Constitution. 2000;3:1277–79.
12. CommunityStandards [Electronic resource]. - URL: https://www.facebook.com/communitystandards/objectionable_content (Accessed: 2.10.2023).
13. Hateful conduct policy [Electronic resource]. - URL: <https://help.twitter.com/en/rules-and-policies/hateful-conduct-policy> (Accessed: 2.10.2023).
14. «Тіл дауынан» кейін. Chocofood компаниясы сайттарын қазақшалауға уәде берді [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.azattyq.org/a/32092612.html> (қаралған күні: 02.10.2023).
15. Пинта дауы: Жаман үйді қонағы билейді! [Электронды ресурс]. - URL: <https://abai.kz/post/166461> (қаралған күні: 02.10.2023).
16. Болатқызы А. «Күйеуің қыдырып кетсе, шыда»: Алматы Сақатов көптің талқысына түскен пікіріне қатысты жауап берді [Электронды ресурс]. – URL: <https://stan.kz/kuyeuin-kidirip-ketse-shida-almat-sakatov-koptin-talkis-383415/> (қаралған күні: 02.10.2023).
17. Жақаш Т. Павлодар облысында қос азаматтық алған 819 адам анықталған [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.facebook.com/100002139850991/posts/pfbid02Yk4PdHfTzp4HZzD5GJj2bpSt29QWqMB1NiaEAMvHPNGiadyQsV2NLYMLwtpzvJ5hl/?mibextid=I6gGtw> (қаралған күні: 2.10.2023).
18. Жақаш Т. 30 жылдан бері «асықпайық!» дуден шаршамайтын... – [Электронды ресурс]. - URL: <https://www.facebook.com/100002139850991/posts/pfbid02xhRtEPMbsoXM9GmKXktEptgmZVuAA6A1k1cW8Akb5imS37hM41UxGmZKJCPF19kv1/?mibextid=I6gGtw> (қаралған күні: 02.10.2023).
19. ҚР Қылмыстық Кодексі 174-бап. Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру [Электронды ресурс]. – URL: https://kodeksy-kz.com/ugolovnyj_kodeks/174.htm (қаралған күні: 02.10.2023).
20. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Заң 2014 жыл 5 шілде № 235-V [Электронды ресурс]. – URL: https://kodeksy-kz.com/ob_administrativnyh_pravonarusheniyah/453.htm (қаралған күні: 02.10.2023).
21. Hate speech regulation on social media: An intractable contemporary challenge [Electronic resource]. – URL: <https://researchoutreach.org/articles/hate-speech-regulation-social-media-intractable-contemporary-challenge/> (Accessed: 2.10.2023).
22. Hate Speech—ABA Legal Fact Check—American Bar Association [Electronic resource]. – URL: <https://abalegalfactcheck.com/articles/hate-speech.html> (Accessed: 2.10.2023).
23. Community Standards [Electronic resource]. – URL: https://www.facebook.com/communitystandards/objectionable_content. (Accessed: 2.10.2023).
24. Hate speech policy—YouTube Help [Electronic resource]. – URL: <https://support.google.com/youtube/answer/2801939>. (Accessed: 2.10.2023).
25. Hateful conduct policy [Electronic resource]. – URL: <https://help.twitter.com/en/rules-and-policies/hateful-conduct-policy>. (Accessed: 2.10.2023).
26. Mondal M, Silva LA, Benevenuto F. A Measurement Study of Hate Speech in Social Media. In: ACM HyperText. - 2017.
27. Davidson T, Warmesley D, Macy MW, Weber I. Automated Hate Speech Detection and the Problem of Offensive Language. ICWSM. - 2017
28. Waseem Z, Hovy D. Hateful Symbols or Hateful People? Predictive Features for Hate Speech Detection on Twitter. In: SRW@HLT-NAACL. - 2016
29. Waseem Z. Are you a racist or am i seeing things? Annotator influence on hate speech detection on twitter. In: Proceedings of the first workshop on NLP and computational social science; 2016. p. 138–142
30. Kumar R, Ojha AK, Malmasi S, Zampieri M. Benchmarking Aggression Identification in Social Media. In: Proceedings of the First Workshop on Trolling, Aggression and Cyberbullying (TRAC-2018). ACL; 2018. p. 1–11.

31. CodaLab—Competition [Electronic resource]. - URL: <https://competitions.codalab.org/competitions/19935>(Accessed: 2.10.2023).
32. Hatebase [Electronic resource]. – URL: <https://hatebase.org/>(Accessed: 2.10.2023).
33. Медиаसाуаттылық. Оқу құралы [Электронды ресурсы].– URL: <https://medianet.ngo/wp-content/uploads/2019/07.pdf/> (қаралған күні: 02.10.2023).

References

1. De Fleur M.L., Ball-Rokeach S.J. Theories of Mass Communication (Longman, New York-London, 1989, 368 p.).
2. Elliott A., Urry J. Mobile lives: self, excess and nature (Routledge Taylor&Francis Group, London and New York, 2010).
3. Lugutzenko T.V. Povsednevnost v prostranstve virtualnoi kultury [Everyday life in the space of virtual culture], Kul'tura i civilizacija [Culture and civilization], 1-2 (2), 55-60 (2015). [in Russian]
4. Ozhegov S. I. Slovar russkogo iazyka: ok. 57 000 slov [Dictionary of the Russian language: about 57,000 words / Ed. by Corresponding member of the USSR Academy of Sciences N.Y. Shvedova. – 19th edition., corrected (Rus. Iaz., Moscow, 1987, 420 p.). [in Russian]
5. Fediunin D.V., Goncharova N.Iu. Sovremennyye osobennosti postroenie tzifrovyyh kommunikazhii I ih effektivnost [Modern features of building digital communications and their effectiveness], Prakticheskij marketing [Practical marketing], 11 (189), 28 (2012). [in Russian]
6. Chudnovskaya I.N. Kommunikatzia v epohu tzifrovoi revolyutsii [Communication in the era of the Digital Revolution], Sociologiya [Sociology], 4, 114-117 (2008). [in Russian]
7. Robertson C, Mele C, Tavernise S. 11 Killed in Synagogue Massacre; Suspect Charged With 29 Counts. – 2018.
8. The New York Times. New Zealand Shooting Live Updates: 49 Are Dead After 2 Mosques Are Hit. – 2019.
9. Sean MacAvaney , Hao-Ren Yao, Eugene Yang, Katina Russell, Nazli Goharian, Ophir Frieder Hate speech detection: Challenges and solutions/Published: August 20, 2019 [Electronic resource]. Available at: <https://doi.org/10.1371/journal.pone.0221152>/<https://journals.plos.org/plosone/article?id=10.1371/journal.pone.0221152> (Accessed: 2.10.2023).
10. Ross B, Rist M, Carbonell G, Cabrera B, Kurowsky N, Wojatzki M. Measuring the Reliability of Hate Speech Annotations: The Case of the European Refugee Crisis. In: The 3rd Workshop on Natural Language Processing for Computer-Mediated Communication @ Conference on Natural Language Processing. - 2016
11. Nockleby JT. Hate Speech. Encyclopedia of the American Constitution. 2000; 3:1277–79.
12. Community Standards [Electronic resource]. Available at: https://www.facebook.com/communitystandards/objectionable_content (Accessed: 2.10.2023).
13. Hateful conduct policy [Electronic resource]. Available at: <https://help.twitter.com/en/rules-and-policies/hateful-conduct-policy> (Accessed: 2.10.2023).
14. «Til dauynan» keiin Chocofood kompaniasy saittaryn kazakshalauga uade berdi [After a language dispute, Chocofood promised to make its websites in Kazakh] [Electronic resource]. Available at: <https://www.azattyq.org/a/32092612.html> (Accessed: 2.10.2023). [in Kazakh]
15. Pinta dauy: zhaman uidi konagy bileidi [Pint Dispute: A guest runs a bad house!] [Electronic resource]. Available at: <https://abai.kz/post/166461> (Accessed: 2.10.2023). [in Kazakh]
16. Bolatkyzy A. "Kyieuin kydyryp ketse, shyda": Almat Sakatov koptin talkysyna tysken pikirine katysty zhauap berdi ["If your husband goes for a walk, endure it": Almat Sakatov answered the opinion of many] [Electronic resource] Available at: <https://stan.kz/kuyeuin-kidirip-ketse-shida-almat-sakatov-koptin-talkis-383415/> (Accessed: 2.10.2023). [in Kazakh]
17. Zhakash T. Pavlodar oblysynda kos azamattyk algan 819 adam anyktalghan [Pavlodar rgn identified 819 persons with dual citizenship] [Electronic resource] Available at: <https://www.facebook.com/100002139850991/posts/pfbid02Yk4PdHFtzp4HZzD5GJj2bpSt29QWqMB1NiaEAMvHPNGiadyQsV2NLYMLwrpzvJ5hl/?mibextid=I6gGtw> (Accessed: 2.10.2023). [in Kazakh]
18. Zhakash T. 30 zhyldan beri «asykpaiky!» deuden sharshamaityn... [For 30 years, "let's not rush!" who doesn't get tired of saying] [Electronic resource]. Available at: <https://www.facebook.com/100002139850991/posts/pfbid02xhRtEPMbsoXM9GmKXktEptgmZVuAA6A1k1cW8Akb5imS37hM41UxGmZKJCPF19kvI/?mibextid=I6gGtw/> (Accessed: 2.10.2023). [in Kazakh]

19. KR Kylmystyk kodeksi 174-bap. Aleumettik, ulttyk, rulyk, nasildik, tektik-toptyk nemese dini alauyzdykty kozdyru [Criminal Code of the Republic of Kazakhstan Article 174. Inciting social, National, Tribal, racial, lineage-group or religious divisions] [Electronic resource] Available at: https://kodeksy-kz.com/ugolovnyj_kodeks/174.htm/ (Accessed: 2.10.2023). [in Kazakh]
20. «Akimshilik kukuk buzushylyk turaly» Zan 2014 zhyl 5 shilde № 235-V [Law “On administrative offenses”, dated July 5, 2014 No. 235-V] [Electronic resource] Available at: https://kodeksy-kz.com/ob_administrativnyh_pravonarusheniyah/453.htm/ (Accessed: 2.10.2023). [in Kazakh]
21. Hate speech regulation on social media: An intractable contemporary challenge// [Electronic resource] Available at: <https://researchoutreach.org/articles/hate-speech-regulation-social-media-intractable-contemporary-challenge/> (Accessed: 2.10.2023).
22. Hate Speech – ABA Legal Fact Check – American Bar Association. [Electronic resource]. Available at: <https://abalegalfactcheck.com/articles/hate-speech.html>. (Accessed: 2.10.2023).
23. Community Standards. [Electronic resource]. Available at: https://www.facebook.com/communitystandards/objectionable_content. (Accessed: 2.10.2023).
24. Hate speech policy – YouTube Help [Electronic resource]. Available at: <https://support.google.com/youtube/answer/2801939> (Accessed: 2.10.2023).
25. Hateful conduct policy [Electronic resource]. Available at: <https://help.twitter.com/en/rules-and-policies/hateful-conduct-policy>. (Accessed: 2.10.2023).
26. Mondal M, Silva LA, Benevenuto F. A Measurement Study of Hate Speech in Social Media. In: ACM HyperText. - 2017.
27. Davidson T, Warmesley D, Macy MW, Weber I. Automated Hate Speech Detection and the Problem of Offensive Language. ICWSM. - 2017
28. Waseem Z, Hovy D. Hateful Symbols or Hateful People? Predictive Features for Hate Speech Detection on Twitter. In: SRW@HLT-NAACL. - 2016
29. Waseem Z. Are you a racist or am i seeing things? Annotator influence on hate speech detection on twitter. In: Proceedings of the first workshop on NLP and computational social science. - 2016. p. 138–142.
30. Kumar R, Ojha AK, Malmasi S, Zampieri M. Benchmarking Aggression Identification in Social Media. In: Proceedings of the First Workshop on Trolling, Aggression and Cyberbullying (TRAC-2018). ACL; 2018. p. 1–11.
31. CodaLab – Competition. [Electronic resource]. Available at: <https://competitions.codalab.org/competitions/19935> (Accessed: 2.10.2023).
32. Hatebase [Electronic resource]. Available at: <https://hatebase.org/>(Accessed: 2.10.2023).
33. Mediasauattylyk [Media Literacy]. Training manual [Electronic resource] Available at: <https://medianet.ngo/wp-content/uploads/2019/07.pdf/> (Accessed: 2.10.2023). [in Kazakh]

O.Zh. Oshanova¹, D. Kalibekuly¹, A. Elesheva²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Hate speech and legal regulation in digital communication

Abstract. The article discusses the main characteristics of digital communication in the modern world and Kazakh society, as well as new transformations and forms of transmission of messages transmitted through digital communication.

The digital media age makes any online chat or media product accessible with a single touch of the screen but makes it possible to share them without thinking about the consequences. In this regard, the article highlights the main advantages and harmfulness of intensifying and changing the exchange of information using modern technical means.

As the number of media products on the Internet grows, so does the spread of hate speech. In this article, we identify and explore various ways to identify media products filled with hate speech on social networks. The problems and limitations we face in this direction also be mentioned. We also discuss the legal and practical aspects of resolving this issue.

Keywords: digital communications, social networks, freedom of speech, hate speech, legal regulation, media production.

О.Ж.Ошанова¹, Д. Калибекулы¹, А.Елешева²

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Язык ненависти и правовое регулирование в цифровой коммуникации

Аннотация. В статье рассматриваются основные характеристики цифровой коммуникации в современном мире и казахстанском обществе, а также новые преобразования и формы передачи сообщения, передаваемого через средства цифровой связи.

Век цифровых медиа делает любой онлайн-чат или медиапродукцию доступными одним касанием экрана, но позволяет вам делиться ими, не задумываясь о последствиях. В этой связи в статье подчеркиваются основные преимущества и вредность интенсификации и изменения обмена информацией с помощью современных технических средств.

Поскольку количество медиапродуктов в интернете растет, растет и распространение разжигающих ненависть высказываний. В этой статье мы определяем и исследуем различные способы выявления медиапродуктов, наполненных ненавистническими высказываниями в социальных сетях. Проблемы и ограничения, с которыми мы сталкиваемся в этом направлении, также будут упомянуты. Мы также обсудим юридические и практические аспекты урегулирования этого вопроса.

Ключевые слова: цифровые коммуникации, социальные сети, свобода слова, язык ненависти, правовое регулирование, медиапродукция.

Авторлар туралы мәлімет:

Ошанова О.Ж. – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Қалибекулы Д. – докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Елешева А. – оқытушы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Oshanova O.Zh. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Kalibekuly D. – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Elesheva A. – Lecturer, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



МРНТИ 19.51.51; 19.71.00.

В.Е.Беленко

*Новосибирский национальный исследовательский государственный университет,
Новосибирск, Россия
E-mail:viktorija_belenko@mail.ru*

Районные (сельские) газеты РФ в пространстве Интернета

Аннотация. *В контексте развития широкополосного и мобильного интернета в сельской местности Российской Федерации на примере трех регионов Сибирского федерального округа рассматривается динамика тиражей сельских районных газет, освоение интернета этим типом общественно-политической периодики. В статье представлен анализ сайтов, пабликов в различных социальных сетях почти ста газет по сплошной выборке муниципальных изданий районов областей. Анализ показал, что за последние десять лет газеты значительно продвинулись по пути аккумуляции интернет-аудитории: почти у всех есть действующие, ежедневно обновляемые сайты, правда, пока еще довольно плохо адаптированные к мобильному медиапотреблению. У всех газет есть страницы минимум в двух социальных сетях (ВКонтакте и «Одноклассники»), а газеты Красноярского края лучше остальных работают с такими новыми для этого типа изданий платформами, как Telegram и видеохостинги.*

Ключевые слова: *районная газета, интернет, сельская районка, интеграция в соцсети, интеграция в интернет, сайт газеты, страница газеты в соцсети.*

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2023-144-3-40-51>

Введение. Согласно переписи населения Российской Федерации 2022 г., численность ее сельского населения 36,7 млн. человек. При этом, что касается городского населения, то более его половины проживает в городах с численностью менее 500 тыс. человек [20]. Подобное географическое распределение делает газеты небольших городов и сельских районов краев и областей крайне устойчивым сегментом периодики, восходящей еще к традициям, сформированным в Советском Союзе.

В 2014 г. стартовала федеральная целевая программа по устранению цифрового неравенства, направленная на то, чтобы широкополосный и мобильный доступ в интернет пришел в населённые пункты с населением от 250 человек. Реформа универсальных услуг связи предусмотрена федеральным законом №9-ФЗ «О внесении изменений в федеральный закон «О связи». Тогда в программу вошли порядка 14 тыс. поселков, сел, деревень, станиц и аулов по всей стране. Далее программу расширили на населенные пункты с численностью более 100 человек. Всего до 2030 года мобильная связь должна стать доступна более чем в 24 тыс. населенных пунктах страны. Этот инфраструктурный проект можно назвать одним из самых масштабных в мире.

В 2020-е гг. сельские газеты продолжают ощущать проблемы с распространением своих печатных версий. Конкурентоспособность и финансовое положение местных

печатных СМИ существенно зависит от «Почты России». Так, например, рост тарифов на услугу по приему заказов на подписку и доставку составил в 2020 г. около 10%. Несмотря на льготы для региональных и местных газет в качестве социально значимых СМИ, такие факторы приводят к сокращению общего подписного тиража.

Сельские СМИ не могут не чувствовать связанного с развитием интернета изменения способов медиапотребления своей аудиторией. Так, в отраслевом докладе 2021 г. Министерства цифрового развития, связи и массовых коммуникаций Российской Федерации отмечается, что главные характеристики и тенденции развития местных и региональных рынков печатных изданий в России связаны с увеличением использования интернета и социальных сетей редакциями [13]. Медиапотребление с помощью интернета, и в том числе мобильного интернета, было ранее характерно для регионального уровня и крупных городов, но сейчас охватывает также сельские территории. Местные газеты осознают неизбежность перехода или хотя бы использования для распространения своего контента нового виртуального пространства. В последнее время они активно развивают свои веб-сайты, формируют группы читателей в социальных сетях.

Таким образом, снижение тиражей сельской периодики происходит на фоне роста общей аудитории наиболее успешных региональных и местных изданий. Рост аудитории происходит за счет сдвига предпочтений читателей в сторону интернета, где сайты и паблики районных газет в социальных медиа оперативно предоставляют местные новости и обеспечивают функцию социальной связи между сельчанами. Редакции стремятся сформировать местные сообщества вокруг себя или сотрудничать с уже существующими, чтобы стать центрами их коммуникаций.

Актуальность исследования обусловлена тем, что периодика местных и региональных рынков привлекает меньшее количество исследователей, чем, казалось бы, должна, исходя из места, которое она занимает в системе СМИ по количеству существующих изданий и по размерам читательских аудиторий.

Региональную периодику последовательно изучают и описывают В. В. Тулупов [16, 17], В. Ф. Олешко [18]. Проблемы местной прессы, вызовы, которые стоят перед ней, они рассматривают преимущественно на примере Воронежской области и Уральского федерального округа. Региональными СМИ Мордовии занимается К. В. Дементьева. В ее работах описано, как в условиях региона воплощается «симбиоз глобального и локального» [5, с.205]. Она рассматривает работу СМИ Саранска в новом медиапространстве, «включающем как традиционные СМИ, так и анонимные паблики и каналы» [6, с.76] и приходит к выводу, что «рассмотренные издания вполне успешно адаптируются в новом информационном пространстве» [7, с.125]. Одна из последних ее работ посвящена перспективам развития региональных СМИ [8, с.94–97].

Динамика типологии нижегородской прессы (1991–2013 гг.) представлена в диссертации В.И. Пугачева, защищенной в 2014 г. [9]. Сайты оренбургских районных газет изучала К.А. Бабина [3]. СМИ Якутии анализирует Н.А. Аргылов [1]. В последней работе этого автора на основании экспертных интервью с редакторами якутских СМИ показаны проблемы при работе с аудиторией в интернете (социальных сетях, мессенджерах), а также отношения с органами власти, экономическое и финансовое положение редакций [2]. Якутскими СМИ занимается и О. Г. Сидоров. Он отмечает, что «за последние десять лет сложился новый формат или модель улусных газет: от бумажной прессы к новым медиа» [15].

Нельзя не отметить масштабное исследование, проведенное коллективом авторов МГУ. Его задачами было выяснить при помощи методики анкетирования мнение руководителей редакций и журналистов о состоянии газет средних и малых городов, их проблемах и перспективах [19]. Само исследование проводилось около десяти лет назад.

Предыдущие исследования сибирских районных газет проводились в Омском государственном университете Е.С.Радионцевой [10, 11, 12]. Анализ наличия и наполняемости сайтов, их содержания, количества просмотров, проведенные в 2012

г., позволяют нам соотнести, какой путь пройден изданиями в освоении интернета за последнее десятилетие.

Материалы и методы исследования. Сибирский федеральный округ включает в себя десять субъектов РФ: Республика Алтай, Республика Тыва, Республика Хакасия, Алтайский край, Красноярский край, Иркутская область, Кемеровская область – Кузбасс, Новосибирская область, Омская область, Томская область. Три из них своими центрами имеют города-миллионники. Всего в этих трех регионах России проживает примерно 7 млн человек.

Потенциальная целевая аудитория сельской периодики трех анализируемых нами регионов Сибирского федерального округа: Новосибирской и Омской областей, а также Красноярского края является значительной: около 953 тыс. человек в сельских районах Новосибирской области, около 753 тыс. человек в Омской области и около 850 тыс. человек в Красноярском крае [20]. В Красноярском крае имеется 37 газет, представляющих муниципальные районы и округа, в Омской области – 32, а в Новосибирской области – 30. Речь идет о печатных изданиях, которые основаны государственными органами. В то же время, в районах областей почти не существует других местных СМИ. Или правильнее сформулировать так: в ряде районов существуют и вполне жизнеспособные негосударственные газеты. Например, в Новосибирской области их шесть в пяти районах [4, с.91–92]. Газеты городских округов (Бердск, Искитим, Обь (Новосибирская область), Сосновоборск, Лесосибирск, Минусинск, Канск, Енисейск, Дивногорск, Боготол, Шарыпово и Назарово, а также из Норильска и Ачинска (Красноярский край)) составят предмет отдельного анализа.


Таким образом, в настоящем исследовании была проанализирована представленность в интернете (сайты и новые медиа) 99-и газет муниципальных районов и округов. Анализ проводился в январе 2023 г. по сплошной выборке. Были проанализированы: возраст доменов, то есть сколько лет существуют актуальные сайты, размеры читательской аудитории, а также адаптированность сайтов под просмотры на десктопах и мобильных устройствах. Для сбора данных были задействованы такие сервисы, как 2ip.ru (показывает дата создания домена), PR-CY (собирает данные о посетителях с помощью счетчика Yandex. Metrika, а также и анализирует процессы загрузки и скорость запуска сайта).

Чтобы охарактеризовать работу районных газет с социальными медиа, пришлось осуществлять поиск вручную, заходя на каждую из интересующих нас платформ, поскольку выяснилось, что сайты вовсе не всегда указывают ссылки на свои представительства во ВКонтакте, «Одноклассниках», Telegram, YouTube, RuTube или же Яндекс.Дзен. Количество подписчиков в пабликах СМИ также фиксировалось в самом начале 2023 г.

Результаты исследования. Данные, которые приводит Российская книжная палата в 2021 г.¹, позволяют увидеть, что городские и районные газеты доминируют в количественном отношении над другими региональными типами газет. Так, всего в Российской Федерации выходит 1060 краевых и областных газет, 6 межрегиональных, 2170 городских и 2128 районных газет.

¹ <https://www.rsl.ru/ru/rkp/statistika-pechati-1i-spravochnaya-rabota>

**Выпуск газет по территории распространения
(2021 г., число изданий)**



По данным Российской книжной палаты

Данные Российской книжной палаты за 2021 г. позволяют заметить сокращение печатного тиража региональных газет примерно в два раза.

Таблица 1

**Выпуск газет в Сибирском федеральном округе РФ
(сравнение 2012 и 2021 гг.)**

Наименование субъекта РФ	Число изданий		Число номеров		Средний разовый тираж, тыс. экз.		Общий годовой тираж, тыс. экз.	
	2012	2021	2012	2021	2012	2021	2012	2021
Всего в РФ	10681	7324	453442	288568	238401	120278	9330444	4318 720
Сибирский федеральный округ	1369	817	55479	31552	16589	7729	574298	224 278
Красноярский край	166	114	6260	5145	1824	1143	61 772	41206
Омская область	133	83	4 735	2866	2 502	673	69 474	19 934
Новосибирская область	166	128	5 026	3716	3 226	1 337	101 363	35 849

По данным Российской книжной палаты

Сильнее всего тиражи газет (а мы уже отмечали, что подавляющее большинство газет в Российской Федерации – это именно низовые городские и сельские издания) сократились в Омской области, а лучше всего «держится» Красноярский край. При

этом заявленный в выходных данных тираж сельских газет анализируемых регионов – в среднем 3,4 тыс. экземпляров – во-первых, несколько условен, поскольку может меняться от номера к номеру, а во-вторых, может быть завышен. Во всяком случае, «кудуарные» данные региональных администраций говорят скорее о тиражах одного номера в 2 тыс. экземпляров.

Тем не менее опросы показывают, что 20% жителей села и 16% жителей небольших городов в 2023 г. регулярно читают печатную прессу. Из них 39–40% отдает предпочтение местной (районной газете)². Хотя аудитория все же ощутимо сокращается, к примеру, в Новосибирской области в 1,5–2 раза. «Если десять лет назад их читал примерно каждый четвертый житель муниципальных районов области, а аудитория некоторых газет доходила до 37% жителей района, то в начале 2020-х в печатном виде их читает только каждый седьмой-восьмой [4]. И все-таки каждый пятый (как в опросе ВЦИОМ) или каждый восьмой (как в данных социологических исследований Новосибирской области) – это огромная аудитория «печатных версий». Рассмотрим далее аудитории сайтов этих газет.

В 2023 г. почти у всех сельских районов есть ежедневно обновляемые сайты. Не обнаружено сайтов только у пяти районных газет Омской области и у одной – Новосибирской.

В Красноярском крае большинство районных газет создали свои сайты более десяти лет назад, и к 2014 г. существовало 28 сайтов. Несколько из них были созданы на платформе «Моя округа» и в последующем, в 2021 г., переехали с нее на собственные домены. К настоящему времени красноярские районки представлены в интернете сайтами, созданными на платформе Newswave. Создатели платформы, отмечая свой опыт работы в журналистике, пишут³, что она специально создавалась под нужды «медиаизданий».

Что касается газет Новосибирской области, то все они, кроме «Приобской правды» (газета Новосибирского района), имеют регулярно обновляющиеся, работающие сайты. Подавляющее большинство доменов, на которых они существуют сейчас, созданы осенью 2020 г. Исключение – «Чановские» (2009 г.) и «Черепановские вести» (2015 г.), а также «Наша жизнь» Карасукского района. Большинство сайтов имеют одинаковый макет, поскольку были созданы агентством интернет-маркетинга «Студия ЯЛ».

Аңдатпа. Мақалада еліміздің егеменді және тәуелсіз екендігінің маңызды көрсеткіші болып табылатын қазақ журналистикасының саласы қарастырылған. Бұл халықаралық публицистиканың жанры, оның дамуында қазақ журналисті және қоғам қайраткері Б.Т. Рүстемовтың еңбектері белгілі бір маңызға ие. Біздің мақаламыздың мақсаты: Б. Рүстемовтың шығармашылығын алғаш рет қарау; оның Халықаралық журналистиканы дамытудағы рөлін көрсету; оның публицистикалық жұмыстарының басым бағытын талдау; интернеттегі журналистикамен ұштастыра отырып, журналистиканың шебер пайдаланылған, баспа нысаны автордың ұстанымы мен замандастың жеке әлемін халықаралық шындық контекстінде қалай көрсететінін анықтау; сондай - ақ журналист Б.Рүстемовтың міндетін ашу, өз халқының мәдениетін жалпы әлемдік мәдениетпен тікелей байланысқа келтіру. Б. Рүстемовтың қызу ізімен жазылған пікірталас жұмыстары оқырманның қызығушылығын ғана емес, сонымен бірге дау-дамайды да тудырады, өйткені Б. Рүстемов қазіргі әлем және Қазақстанның көпполярлы қоғамдағы рөлі туралы өз пайымдаулары үшін жауапкершілікті өз мойнына ала отырып, олардағы фактілермен жұмыс істейді, қазақ халқының маңызды құндылық бағдарларын көрсетеді. Автордың журналистік қызметінің бұл бағыты оның көркемдік-публицистикалық стилінің маңызды ерекшелігін ашады. Б. Рүстемовтың халықаралық публицистикасы жаңа Қазақстан мен бүкіл әлемнің байланыстырушы буыны болып табылады.

Түйін сөздері: қазақ журналистикасы, халықаралық публицистика, Бақыт Рүстемов.

R.A. Akhmedova

Dagestan State University, Makhachkala, Russia

International journalism by Bakhyt Rustemov

Abstract. The article examines the area of Kazakh journalism, which is an important indicator that the country is sovereign and independent. This is a genre of international journalism, in the development of which the works of the Kazakh journalist and public figure B.T. Rustemov have certain significance. The purpose of our article: for the first time to consider the work of B.Rustemov; reveal its role in the development of international journalism; analyze the priority direction of his journalistic works; show how the skillfully used printed form of journalism in combination with journalism on the Internet reflects the position of the author and the individual world of a contemporary in the context of international reality; and also reveal the task of B.Rustemov, a journalist, to bring the culture of his people into direct contact with global culture. Discussion works of B. Rustemov, written in hot pursuit, arouse not only interest in the reader, but also polemics, make one think, since B. Rustemov operates with facts in them, taking responsibility for his judgments about the modern world and the role of Kazakhstan in a multinational society, reflecting the important and value guidelines of the Kazakh people. This direction of the author's journalistic activity reveals an essential feature of his artistic and journalistic style. B.Rustemov's international journalism is the connecting link of the new Kazakhstan and the whole world.

Keywords: Kazakh journalism, international journalism, Bakhyt Rustemov.

Сведения об авторе:

Ахмедова Р.А. – доктор филологических наук, профессор кафедры литератур народов Дагестана, Дагестанский государственный университет, Махачкала, Россия.

Akhmedova R.A. – Doctor of Philology, Professor, Department of Literatures of the Peoples of Dagestan, Dagestan State University, Makhachkala, Russia.



XFTAP 19.01.11

Ұ.М. Есенбекова¹, А.Ә. Маманқұл¹, А.А. Сыздықова¹, Б. Құтым²

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана

²Назарбаев Университеті, Қазақстан, Астана

E-mail: ultmudde@mail.ru, aktaral584@mail.ru, aidaamanqyzy@gmail.com, kutymbegin@mail.ru

Әлеуметтік коммуникация мен кибермәдениеттегі медиаконвергенция

Аңдатпа. Мақалада медиа-конвергенцияның әлеуметтік коммуникация мен кибер-мәдениетті қалыптастырудағы рөлі зерттеледі. Медиа-конвергенцияның әртүрлі аспектілерін және оның қоғамдық қатынастардағы орнын, дәстүрлі мәдениетпен байланысын талқылау барысында ғылыми тұжырымдар жасалды. Зерттеу бұқаралық ақпарат құралдарының конвергенциясы адамдар мен медиа арасындағы өзара әрекеттестіктің айқындаушы факторына айналғанын растады.

Зерттеу барысында медиа-конвергенция кибер-мәдениеттің дамуына қаншалықты ықпал ететіні сарапталды. Адамдар өздерінің цифрлық қауымдастықтары мен топтарын құра отырып, әлеуметтік желілер, форумдар, блогтар және басқа да онлайн алаңдар арқылы өзара белсенді әрекеттеседі. Виртуалды кеңістікте олар білімдерімен, қызығушылықтары мен жаңа идеялармен бөліседі, осылайша, кибер-мәдениеттің заманауи үлгілерін жасайды. Авторлар осындай белсенді байланыстардың ықпалымен медиа-конвергенция ақпарат пен ойын-сауықтың қолжетімділігі мен қолайлылығын жақсартатынын көрсетеді.

Мақаланың қорытынды нәтижелерінде медиа-конвергенция әлеуметтік коммуникация мен кибер-мәдениетті қалыптастыруда маңызды анықтаушы фактор екені дәлелденді. Конвергенция құбылысының адамдардың өзара қарым-қатынасына және жалпы ақпараттық қоғамның даму траекториясына ықпалы бағаланды.

Жұмыстың қорытынды тұжырымында бұқаралық коммуникация құралдарындағы конвергенттік үрдістерді зерттеу – мемлекет пен қоғамның дамуындағы процестерді болжауға, әлеуметтік коммуникация мен виртуалды мәдениетті қоғамға пайдалы арнаға бұруға арналған стратегияларды әзірлеуге көмектесетіні анықталды.

Түйін сөздер: медиа, дәстүрлі медиа, конвергенция, әлеуметтік коммуникация, кибер-мәдениет, медиа-контент

Бұл зерттеу мақаласы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ғылыми гранты есебінен қаржыландырылды (грант № AP19677579).

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2023-144-3-87-102>

Кіріспе. Әлеуметтік коммуникацияның заманауи үрдістері бұқаралық коммуникация құралдарының интернет арқылы виртуалды жүйеге бірігуінде айрықша маңызға ие болуда. Ғаламдық желінің дамуы қазірдің өзінде әлеуметтік тұрғыда белсенді

адамдар мен әлеуметтік топтардың мемлекет пен қоғамның саяси-экономикалық өміріндегі ықпалды күшке айналуына әсер етуде. Қоғамдық пікір қалыптастыру тетіктері жаңарып, трансформациялық үрдістер бұл салада да айқын көріне бастады. Бұның бәрі ақпарат тарату жылдамдығының өсуі мен әлемнің кез-келген нүктесіне жаңалықты бірнеше секундта жеткізетін құралдардың технологиялық серпілісімен байланысты екені белгілі.

Ғаламдық интернет желісі адам өмірінде өзіндік миссиясын атқаруға жұмылдырылған. Интернеттің дамуы біздің түсінігіміздегі дәстүрлі бұқаралық коммуникация құралдарының функцияларының басым бағыттарына да өзгерістер енгізді. Дәстүрлі медиалардың атқаратын функцияларының алғашқы үштігі ақпараттық, әлеуметтік-мәдени, ағартушылық болса, цифрлық медиалар үшін бұл реттік орындар өзгерген. Цифрлық медиада коммуникативтік функция басымдыққа ие болған. Ақпарат тарату, әлеуметтік-мәдени мен ағартушылық функциялары коммуникативтік қызметтің құрамында орналасып, басым функцияның ішіне кіріп кеткен. Коммуникативтік функцияның басты ерекшелігі – цифрлық технологиялардың көмегімен аудитория ақпаратты таратушы медианың редакциясымен, контент жасаушы автормен кері байланысқа шығып, пікір алмасады. Өзінің талабын айтып жеткізе алады. Осылайша, редакциялық саясатқа өзгерістер енгізілуіне, болашақтағы материалдардың тақырыптары мен мазмұнының өзгеруіне себепкер болады. Медиа редакциялар да осындай аудиториямен тығыз әрі пайдалы байланыс орнатуға мүдделі. Нарықтағы жойқын бәсеке мен аудитория үшін күрес редакцияны конвергенттік тәсілдермен жұмыс істеуге мәжбүрлеуде, осындай формалардың тиімді екенін дәлелдеуде.

Жақын болашақта медиа-конвергенцияның виртуалды және толықтырылған шынайылық, жасанды интеллект және заттардың интернеті сияқты жаңа технологиялардың жетілуімен бірге дамитынын болжауға болады. Осы технологиялық үрдістерді және олардың медиамен өзара әрекеттесуін зерттеу әлеуметтік коммуникациялар мен кибер-мәдениеттегі болашақ өзгерістерді анықтауда да маңызды рөл атқармақшы.

Жалпы зерттеу мақаласы медиа-конвергенцияның әлеуметтік коммуникациядағы және кибер-мәдениеттегі маңызды рөлін көрсетумен қатар, бұл құбылысты қоғамның әртүрлі салаларындағы коммуникациялық процестерді тереңірек талдауға, болжамдар жасауға арналған қадам деп ойлаймыз.

Библиографиялық шолу. Зерттеу мақаласын дайындау барысында медиа-конвергенцияның әлеуметтік коммуникация мен кибер-мәдениеттің қалыптасуында атқаратын шешуші рөлін айшықтайтын соңғы жылдары шыққан ғылыми басылымдар таңдап алынды. Таңдалған ғылыми еңбектерде медиа-конвергенцияның ықпал ету аспектілерін зерттеуге, оларды теориялық негіздеуге, сыни талдауға және әлеуметтік, мәдени салдарын анықтауға көңіл бөлінді.

Бұл проблемалар Кристиан Фукстің «Әлеуметтік медиа: сыни кіріспе» еңбегінде жақсы талданған. Ғалым әлеуметтік медианың қоғамға және медиа индустрияға әсерін, соның ішінде құпиялылық, бақылау және әлеуметтік медианың саясаттағы рөлі сияқты тақырыптарды қарастырған. Кристиан Фукс – Ұлыбританияның Вестминстер университетінің Коммуникация және медиа зерттеу институтының профессоры және директоры. Ағылшын профессоры өз еңбегінде әлеуметтік желілердің ең толық және кең ауқымды сипаттарын талдаған. Онда тек әлеуметтік медиа ғана емес, сонымен қатар сыни теория және оның бүгінгі цифрлық мәдени қатынастарға ықпалы зерттелген. Цифрлық мәдениеттің адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналуы маңызды әлеуметтік құбылыс ретінде қаралған. Егер осыған дейін жаңа медиа әкелген өзгерістерге философиялық көзқарас жетіспей келсе, Кристиан Фукстің «Әлеуметтік медиа: сыни кіріспе» монографиясы бұл бағыттағы жаңа көзқарастың кіріспесі деп қабылдауға болады.

Автордың ізденушілік қабілетін академиялық туындыларға арнауы қазіргі заманғы медиа тенденцияларды, өзекті және маңызды тақырыптарды көпшілік аудиторияның тиянақты ұғынуына мүмкіндік берді. Ғалымдар, білім алушылар мен басқа да оқырмандар

билік пен әлеуметтік әділеттілік формаласының шешімдерін осы зерттеу еңбегінен тауып қана қоймай, жаңа әлемді қайта түсінуге және жаңа медианы басқаша көзқараспен қабылдауға жол ашады [1].

«Мәдениет пен қоғамды медиациялау» атты Стив Хярвардтың еңбегінде де қазіргі әлеуметтік байланыстар мен виртуалды мәдениеттің өрістеп дамуы жүйелі зерттелген. Мәдениет пен қоғамның әртүрлі аспектілеріне бұқаралық коммуникация құралдарының ықпалының күшеюіне назар аударған автор, медиатизация тұжырымдамасын талқылайды. Хярвард медиа-технологиялар күнделікті өмірімізге әсер етіп, әлеуметтік құрылымдарды өзгертетін әлеуметтік тәжірибелерді, құндылықтар мен институттарды қалай қалыптастыратынын зерттеген. Ғалымның жұмысы медиа мен қоғам арасындағы өзара әрекеттестік туралы түсінік беру арқылы медиатизацияның теориялық негізін жасауға ықпал етеді. Ол медиа конвергенцияның кеңірек салдарын және оның әлеуметтік коммуникация, кибер-мәдениетке әсерін түсіну үшін құнды пікірлер айтқан [2].

Ник Кулдри мен Андреас Хепп екеуінің «Шындықтың аралық құрылымы» атты біріккен еңбегінде медиа мен қоғам арасындағы қарым-қатынас туралы сыни ойлар ұсынылады, бұқаралық коммуникация құралдарының әлеуметтік процестермен, қоғамдық институттармен қалай ықпалдасуы зерттеледі. Бұл еңбектің ғылыми өзектілігін медиа зерттеулер мен әлеуметтік теория арасындағы алшақтықты ашумен, медиа конвергенция мен оның әлеуметтік коммуникация, кибермәдениетке әсерін түсінуге көмектесетін пәнаралық тәсілдерді ұсынуымен түсіндіруге болады. Ғылыми еңбек медиа-конвергенция туралы ғылыми дискурсқа ықпал ететін әртүрлі тұжырымдамалар мен теориялық негіздер ұсынады. Екі зерттеушінің тұжырымдары медиа конвергенция құбылысы, әлеуметтік коммуникация мен кибер-мәдениет туралы теориялық негізді, эмпирикалық талдауды және сыни түсінуді қалыптастыруда құнды үлес деп саналады [3].

«Үлкен деректерге арналған сыни сұрақтар: мәдени, технологиялық және ғылыми құбылыстың арандатулары» атты Дана Бойд пен Кейт Кроуфордтың мақаласы мәдени, технологиялық және ғылыми феноменді біріктіріп талдайды. Мақала үлкен деректердің қоғам, мәдениет және ғылым үшін маңызды салдарын зерттейді. Үлкен деректермен жұмыс істеудегі қиындықтар мен мүмкіндіктерге назар аудара отырып, деректерді жинау, талдау және пайдаланудың әлеуметтік, этикалық және саяси аспектілерін талдайды.

Медиа-конвергенция мен кибер-мәдениет контекстіндегі үлкен деректердің әсерін түсінуге болатын сыни көзқарастар деректерді иелену, құпиялылық, алгоритмдік бұрмалану және үлкен деректерді өңдеуге байланысты маңызды сұрақтар да мақалада қамтылған. Бұл зерттеу жұмысы үлкен деректерге негізделген технологиялардың әлеуметтік салдары туралы болашақ зерттеулерге көмегін тигізері анық [4].

Мақаланы дайындау кезеңінде жаңа технологиялар мен әлеуметтік медиа платформалардың қызметіндегі маңызды аспектілер қарастырылған, медиа-конвергенция, әлеуметтік коммуникацияның, кибер-мәдениеттің сипаттары мен ықпалы туралы зерттеулер қамтылған ғылыми еңбектер таңдап алынды. Таңдалған ғылыми еңбектер мақала тақырыбын ашуға, авторларға жаңа құбылыстармен байланысты туындаған күрделі проблемаларды зерттеуге көмектесті. Бұл еңбектер бұқаралық коммуникация құралдарының, әлеуметтік коммуникацияның және кибер-мәдениеттің ғылыми тұжырымдарын жасауға көмектесіп, осы тақырыптарды зерттеуге мүдделі зерттеушілер үшін маңызды ресурстарға айналған.

Зерттеу әдістері. Мақаланы дайындау барысында медиа-конвергенция, әлеуметтік коммуникация мен кибермәдениет тақырыбындағы ғылыми әдебиеттерге, академиялық мақалалар мен кітаптарға шолулар жасалды. Зерттеулерде медиа-конвергенция үрдістеріндегі тенденциялар анықталып, ғылыми тұжырымдар анықталды. 2000-жылдардың басында басталған технологиялық серпілістің медианың конвергенциясына, әлеуметтік коммуникация мен кибермәдениетті қалыптастыруға ықпалы мен әсерін бағалау, адамдардың ақпаратты қабылдаудағы мінез-құлқын өлшеу және виртуалды мәдениеттің сипаттарын жинақтау үшін case studies тәсілі қолданылды.

Бұл әдістің көмегімен интернеттегі медиа платформалардың байланыс үлгілеріне әсері немесе белгілі бір салалардағы дәстүрлі және цифрлық медианың конвергенциясын жан-жақты зерттелді.

Белгілі америкалық профессор Мануэль Кастельстің «Желілік қоғамның пайда болуы», Амстердам университетінің медиа зерттеулер мектебінің профессоры Марк Деуздың «Медиа өмірі» және Кристиан Фукстің «Әлеуметтік медиа: сыни кіріспе» атты монографияларында жасалған болжамдарды бүгінге медиа трансформациялармен салыстырып талдау үшін бенчмаркинг әдісі пайдаланылды.

Мазмұнды талдау әдісінің көмегімен негізгі тақырыптарды, тұжырымдамаларды, фактілерді, дәлелдерді талдауға көңіл бөлінді. Жаңалықтар, мақалалар, әлеуметтік желілердегі жазбалар немесе онлайн талқылаулар сияқты медиа контенттер талданды. Бұл талдау сапалық және тұжырымдық сипаттарды салыстыру арқылы жүргізілді.

Дана Бойд пен Кейт Кроуфордтың «Үлкен деректерге арналған сыни сұрақтар: мәдени, технологиялық және ғылыми құбылыстың арандатулары» мен голландиялық профессор Йоханна ван Дейк «Мәдени өндірісті платформалау» атты мақалаларды компоративизм қағидаларына сүйеніп сараптау үшін құрылымдық-функционалдық талдау әдісі қолданылды.

Желілік анализ медиа-конвергенцияда қоғам мен билік, адамдар мен саяси күштер, медиа платформалар арасындағы қарым-қатынастарды зерттеуде жақсы көмектесті. Бұл тәсіл арқылы ақпараттық ағындардың әсер ету динамикасы мен әлеуметтік құрылымдар арасындағы коммуникацияда туындаған жаңа мәдени үлгілер сарапталды. Осындай мұқият таңдалған ғылыми әдістердің көмегімен зерттеу жұмысында сапалы әрі объективті тұжырымдар жасалды деп ойлаймыз.

Нәтижелерменталқылау. Медиа-конвергенция тек технологиялық қана емес, сонымен бірге, жан-жақты зерттеулер мен талдауларды қажет ететін жаңа әлеуметтік-мәдени құбылыс. Оны зерттеу үшін әртүрлі теориялық тұжырымдамаларды, методологиялар мен тәжірибелерді ескере отырып, медиа сараптауларды пәнаралық тәсілдерді қолдану қажет. Сондай-ақ медиа коммуникацияның барлық қатысушыларының жеке және кәсіби дамуы үшін медиа-конвергенция мүмкіндіктерін саналы және жауапкершілікпен пайдалана алатындай сыни ойлау мен медиа сауаттылықты дамыту да күн тәртібіндегі өзекті мәселе.

Медиа-конвергенцияны контентті тарату процесінде дәстүрлі және жаңа медиа платформалар бірдей қолданады. Бұқаралық коммуникацияның конвергенциясын медиа хабарламаның әмбебаптығы, қолжетімділігі және интерактивтілігі қамтамасыз ететін цифрлық технологиялардың нәтижесі деп те қарастыруға болады.

Конвергенттік коммуникацияның белсенді қолданысы мен тиімділігін YouTube видеохостингіндегі бұқаралық коммуникация құралдары мен жеке контент жасаушылардың каналдарынан байқаймыз. YouTube-те кез-келген адам тікелей эфирде отырған жүргізушіге сұрақ қояды, түсінбеген жерін нақтылайды. Осының бәрі нақты уақыт, онлайн режимде жүріп жатады. Аудиторияның сұранысының өсуі осындай платформалардың саны мен сапасының жақсаруына да түрткі болуда.

Жаңа медиаларда әлеуметтік коммуникацияның тағы бір ерекшелігі айқын біліне бастады. Әлеуметтік коммуникация ендігі жерде географиялық жағынан да, тәулік мезгіліне де шектелмей әлемдік аудиториямен еркін байланысқа түсе алады. Ойымыз дәлелді болуы үшін екі кейсті қарастырайық.

2021 жылдың 23-сәуірінде қазақ журналистикасы мен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің тарихында тұңғыш рет Оңтүстік Калифорния университетімен бірлескен конференция өткізілді. Мақала авторының бастамасымен өткен конференцияға Оңтүстік Калифорния университетінің (University of Southern California) Коммуникация және журналистика бойынша Анненберг мектебінің проректор профессоры Генри Дженкинс қатысты.

Әлемдік рейтингте 120 орында тұрған University of Southern California Американың беделді университеті. Лос Анджелесте орналасқан университет коммуникация мен медиа

зерттеулер бойынша Америкада ең атақты және ең үздік оқу орны. Университеттің Анненберг мектебі бүкіл әлем танитын ғылыми орталық.

Астана уақыты бойынша таңғы сағат 9.00-де басталған конференцияға әлемге аты танылған атақты америкалық профессор Дженкинс Джорджия штатынан Атлантадағы үйінен қосылды. Астана мен Атлантаның уақыт айырмашылығы 10 сағат болғандықтан, Дженкинс мырза қазақ әріптестерімен байланысқа түнгі сағат 23.00-де шықты. Өте мазмұнды өткен конференцияға шақырылғанына бірнеше рет алғыс айтқан америкалық профессор қазақ ғалымдарының зерттеулерінің жоғары деңгейін айтып, білім алушы магистранттар мен докторанттардың жаңашылдығына таң қалды. Конференцияның нәтижелі өтуіне 5000 шақырым қашықтық, тілдік өзгешелік, тәуліктің әртүрлі мезгілде болуы кедергі бола алған жоқ.

Екінші кейс Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің 25-жылдық мерейтойынан 21-маусым күні ұйымдастырылған онлайн трансляция туралы. Осы күні университетте өткен іс-шараларды мерейтой қонақтарынан басқа мыңдаған адам YouTube каналындағы онлайн трансляция арқылы тамашалай алды. Мақаланың бірінші авторы мерекелік шараларды YouTube платформасында тікелей эфирде көрсету сценарийін дайындап, онлайн трансляцияны жасаған шығармашылық және техникалық топқа жетекшілік етті. Кәсіби тележурналистің жетекшілігімен журналистер командасы сол күнгі университет мерейтойының атмосферасын, ғажайып эмоционалдық толғаныстары мен көңіл-күйін YouTube аудиториясына сыйлады. Бұл команда 6 сағат 30 минут тікелей эфирде ұсынған трансляцияны көрушілер саны 6000 асқан.

Онлайн трансляция ЕҰУ-дің профессорлары тәрбиелеген болашақ журналистердің кәсіби біліктілігін, теориялық және практикалық білімдерінің жоғары деңгейін көрсетті. Бұндай ұзақ тікелей эфирді өткізуге отандық телеарналардың өзі де жүрексінетіні де шындық.

Еуразия Ұлттық университетінде ұйымдастырылған онлайн трансляция отандық университеттердің тарихында тұңғыш рет болғанын да мақтан етуге болады. Еуразия Ұлттық университеті медиа мен журналист мамандарын дайындауда өзінің үздік екенін кезекті рет дәлелдей алды. Екінші кейстен де кез-келген оқиғаны әлемдік аудиторияға тарату мүмкіндіктері мол екенін, оқиғаға қызығушылық танытқан адамдардың сұраныстарына лайықты жауап беруге болатынын көре аламыз. Бұқаралық медиа арқылы орнатылатын әлеуметтік коммуникациялардың шекараларға бағынбайтын (трансшекаралық) сипатының дәлелі де осы кейстерден анық байқалады.

Трансшекаралық сипаттан басқа коммуникациялық процестің иерархиялық сатылары да өзгерістерге ұшыраған. Интернет кеңістікке бейімделген медиалар өзара әлеуметтік коммуникациялар біржақты модельден көпжақты үлгіге ауысады: медиа – жеке тұлға; медиа – әлеуметтік топтар; жеке тұлға – жеке тұлға; әлеуметтік топтар – әлеуметтік топтар. Орнаған модельдердің жүйелі, тиімді жұмыс істеуі түрлі субъектілердің арасындағы байланыстардың интерактивті болуына да тәуелді. Интерактивті формалар медианың редакциясы мен аудиторияның арасындағы байланысты ғана білдірмейді. Бүгінгі аудитория үшін медиа өнімдерге түсініктеме алу, пікір қалдыру, баға беру кедергісіз, жеңіл болуы өте маңызды. Адамдар бұл мүмкіндіктерді ашық және жария түрде немесе анонимді түрде қолдануға құқылы. Осы норма адамдардың фундаменталды құқықтарының ажырамас бөлігі ретінде Еуропа Кеңесінің 2003 жылғы Интернеттегі коммуникация еркіндігі туралы қарарымен бекітілген. Екінші жағынан, анонимдіктің зиянды жақтары да бар. Анонимді байланыс жасау интернеттегі қарым-қатынастың сапасын төмендетіп, адамдардың өз істері мен сөздеріне жауапсыздықпен қарауына, қорқыту, басқаларға доңайбат көрсетуіне соқтықтырады [5].

Жаңа медиа ортаның осындай жағымсыз тұстарынан басқа ақпараттық өнімдердің мазмұны мен сапасына ықпал ететін кемшіліктерін де атап көрсеткен дұрыс. Контенттің цифрлық формасынан туындайтын салдарларды былайша жүйелеуге болады:

– әлеуметтік медиа мен әлеуметтік желілердегі жазу стилі қатты өзгерістерге ұшырады. Сөйлеу мен жазу мәдениетіне нұқсан келді. Мазмұндық қана емес орфографиялық, грамматикалық өрескел қателерге көпшіліктің көзі үйрене бастады. Сауатсыз мәтіндерді қарапайым адамдардың аккаунтарынан емес, танымал тұлғалардың жазбаларынан да кездестіруге болады. Жазу мәдениетін жоғалтып алдық. Беделді қазақ басылымдарының ресми сайттары мен интернет ресурстарда жарияланған мақалаларды мысал ретінде келтіруге болады: «Әлеуметтік желідегі сауатсыздық» (<https://aikyn.kz/3878/1983-aeleumettik-geli>); «Әкімдердің офлайннан онлайнға ұмтылысы» (<https://turkystan.kz/article/78976-kimderdi-oflaynнан-onlayn-a-mtylysy>); «Баспасөз – ұлттың үні, рухтың жыры» (<https://qazaqadebieti.kz/28984/baspas-z-ltty-ni-ruhty-zhyry>); «Инстаграмда қате жазатын жұлдыздар кімдер?» (<https://stan.kz/instagramda-kate-zhazatyn-zhuldyzdar-k/>);

– ақпараттың көптігі оның сапасына да кесірін тигізіп, тұтынушыны абдыратып, қиын жағдайға душар етті. Ол өзіне қандай ақпарат қажет, қайсысы қажетсіз екенін ажырата алмайтын халге жетті. Ақпараттың дұрыстығына, шындығына көз жеткізу проблемасы да үдей түсті. Медиа каналдарға деген сенім төмендеді.

– адамдар ақпараттық қысымның ортасында қалды. Оған нақты өмір мен виртуалды шындықтың шекараларын ажырату қиынға түсуде. Бұл қоғам үшін де, жеке тұлға үшін де айтарлықтай стресс екенін түсіну қажет.

Жаңа дәуірдің технологиялық әлеуетінің өсуімен қатар адамзаттың алдынан тосатын қиындықтар да осындай. Әрине, кәсіби журналистика мен әуесқойлар арасындағы айырмашылықтар біртіндеп жойылып келетінін жоққа шығара алмаймыз. Мультимедиа мен гипермәтіндік формаларды, бояулары қанық дизайнмен өрнектелген контентті цифрлық технологиялармен жасаудың тегін болуы шығармашылық өрісті кеңейтті. Цифрлық құралдарды кәсібилер де, блогерлер мен әуесқой журналистер де бірдей қолданатын дәрежеге жетті. Ал, адамзат баласына пайдасы да, зияны да қатар жүретін технологиялық дәуірдің заңдылықтарын дұрыс қабылдап, қауіптердің алдын алатын тетіктерді анықтап, қолдану мәселесі жақын болашақта өзекті болмақшы.

Медиа ортада жылдам өзгерістерге ұшыраған тұста оның өнімдерін қолданатын аудиторияның трансформациялық процестерден тыс қалуы мүмкін емес. Тұтынушы өзгерді, ол енді тек тұтынушы ғана емес тұтастай медиа процестердің эпицентрін анықтайтын күшке айналды. Элвин Тоффлердің сөзімен айтсақ, «просьюмер» деген сипатқа ие болды. Ағылшынның өндіруші және тұтынушы (prosumer = producer + consumer) деген екі сөзінен құралған ұғымның мағынасы мен мәні кеңейді. Бұқаралық медиада просьюмерлердің мазмұны мен мағынасы ұлғайып, функциялары мен рөлі күшеюде. Өйткені, интернеттегі медиа құралдарға баға берілген олардың аудиториясының көлемі мен сапасы бірінші кезекте есепке алынады. Медиа қызметінің, ұсынатын өнімдерінің монетизациясы да осы мақсатты аудиторияға, оның санына байланысты тағайындалады.

Просьюмерлер медиа үшін тек тұтынушы ғана емес, медиа құралды насихаттайтын, өнімдерін басқа әлеуметтік топтарға, аудиторияларға тарататын белсенді құрал деп қабылданады. Оқиға болған жерден жедел хабар тарату, инсайдерлік ақпаратты жариялау да user-generated контент жасаушылардың құзырына жиі шығарылатын қызметтер. Яғни, олар әлеуметтік-ағартушылық және креативті функцияларды да орындауға қауқарлы.

Просьюмерлердің атқаратын тағы бір маңызды қызметі медиа сыншылық. Егер бұрынғы дәстүрлі бұқаралық медиаларда әдеби сыншылар, телевизия сыншылары элитарлық топ, кәсіби шебер мамандар болса, интернет басылымдарда сыншылардың рөлін әрбір оқырман мен көрермен орындайды.

Америкалық, канадалық және батыс еуропалық кеңістікте бұл үрдіс ерекше байқалады. Ол кеңістіктерде ақпараттық-сараптамалық контенттің басым бөлігін жасауға просьюмерлер де белсенді қатысады. Сондықтан да, user-generated контентті жасаушылар 3 бірдей рөлді қатар орындауға жұмылдырылған: контент жасаушы, сыни рецензия беруші және тұтынушы.

Жоғарыда айтылған ойлардан, жаңа медиа мен интернет басылымдар қазіргі қоғамдық өмірдің ажырамас бөлшегіне айналып, әлеуметтік ықпалдасу жүйесін жетілдіруге, медиаландшафты өзгертуге қызмет етуде деген тұжырым жасаймыз. Бұқаралық коммуникация құралдары жеке тұлғаның әлеуметтенуіне, эмоционалдық күйіне, іс-әрекеттері мен шешім қабылдауына зор ықпал ететіні белгілі. Болашақтағы технологиялар адам мен компьютер, адам мен машина арасындағы қатынастарды тереңдете отырып, әлеуметтік коммуникацияларды компьютерлік технологиялар мен адамның гибридин күн тәртібіне қосады деген болжамның дұрыстығы байқалып келе жатыр. Осыны ескеріп, жаңа медианың феноменін бағалау үшін де оның потенциалы мен болашақ даму траекториясын дұрыс анықтап алған дұрыс.

Медиа-конвергенция ұғымының дефинициялық негізін көптеген медиа зерттеуші ғалымдардың еңбектерінен кездестіреміз. Маршалл Маклюэннен басталған ғылыми еңбектер тізбегін жалғаған америкалық ғалымдар Генри Дженкинс, Тимм О'Райли, Мануэль Кастельстің еңбектерінде ақпараттық қоғам мен медиа-конвергенция үрдістерін зерттеу технологиялық детерменизмге сүйеніп, түрлі салалардың арасындағы кедергілер тегістеліп, шекаралар сырылады деген тұжырым түйінделген.

Оңтүстік Калифорния университетінің Анненберг мектебінің провост профессоры Генри Дженкинстің 2006 жылы жазылған «Конвергенция мәдениеті: ескі мен жаңа медианың соқтығысуы» атты монографиясында дәстүрлі және цифрлық медиа түйісетін медиа конвергенция құбылысын зерттейді. Америкалық профессор медиа конвергенция қоғамға, мәдениетке және адамдар арасындағы қатынас тәжірибесіне қалай әсер ететінін зерттеген. Ғылыми еңбекте аудиторияны, жанкүйерлер қауымдастығын қызықтырудың, контент өндірушілер мен тұтынушы арасындағы шекараларды жоюдың маңыздылығына баса назар аударылған. Кітапта конвергенция мәдениеті, медиа аралық ықпалдастық пен оның қазіргі қоғамдар үшін салдары туралы іргелі теориялық тұжырымдар жасалған. Бұл еңбек цифрлық коммуникация саласын зерттеуші ғалымдар арасында қазіргі медиа кеңістікте болып жатқан процестер, трансмедиялық баяндау технологиясы және технологиялардың трансформациялау күші туралы біртұтас ұғымдар қалыптастыруға үлес қосты [6].

Дженкинстің тұжырымдарымен үндесетін ойларды Мануэль Кастельстің «Желілік қоғамның пайда болуы» атты монографиясында кездестіреміз. Атақты профессор бұл еңбегінде желілік дәуірдің әлеуметтік, экономикалық және мәдени өлшемдерін зерттеу арқылы желілік қоғамның дамуын талдайды. Кастельс коммуникациялық технологиялар, соның ішінде интернет әлеуметтік қатынастарды, билік құрылымдарын және қоғамды ұйымдастыруды қалай өзгерткенін зерттеген. Бұл ғылыми еңбек желілік қоғамның дамуы мен медиа, коммуникацияны зерттеу саласындағы әлемдік қауымдастыққа танымал жұмыс. Ғалым қазіргі қоғамды қалыптастырудағы медиа-конвергенция мен желілік коммуникациялардың рөлін жан-жақты талдауды ұсынады. Кастельстің теориялары бұқаралық коммуникация құралдары, әлеуметтік коммуникациялар және кибер-мәдениетпен байланысты зерттеулерде кеңінен қолданылады [7].

Екі америкалық ғалымның медиа-конвергенцияға көзқарастарын Амстердам университетінің медиа зерттеулер мектебінің профессоры Марк Деуз дамытқан. Оның «Медиа өмірі» еңбегінде медиа-конвергенция мен кибер-мәдениет контекстіндегі адамдардың өмірлік тәжірибесі туралы пайдалы түсініктер беріледі. Ол бұқаралық коммуникация құралдарының өзара әрекеттесуінің жеке, әлеуметтік және мәдени аспектілерін сараптап, БКҚ күнделікті өмірде адам мен қоғамға қалай ықпал ететінін түсіндіреді. Монографияда бұқаралық коммуникация құралдарының адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналғанына назар аударыла отырып, медианың қызметінің, функциясының тұжырымдамасы айқындалған. Деуз БКҚ-мен жұмыс істеу, бірегейлікті қалыптастыру және ақпаратқа қаныққан әлемде өмір сүрудің қиындықтары сияқты мәселелерді талқылай отырып, оларды БКҚ, технология және қоғам арасындағы динамикалық қарым-қатынастармен байланыстырады [8].

Соня Ливингстон мен Питер Ланттың «Аралық болашақ: ХХІ ғасырдағы коммуникация, медиа және қоғам» атты зерттеу кітабында да цифрлық дәуірдегі коммуникациялар мен медианың болашағы жақсы қамтылған. Ғылыми еңбек цифрлық технологиялардың жаһандану мен медиа-конвергенцияның қоғамға, коммуникация әдістері мен мәдени сәйкестіктерге әсерін талдайды. Ливингстон мен Лунт медиа-конвергенция мен кибер-мәдениеттің болашағына қатысты өзіндік көзқарастар ұсынады. Жаңа дәуірдің тенденциялары мен қиындықтарына назар аударып, коммуникациядағы, медиа индустриядағы және болашақта қалыптасатын мәдени тәжірибелердегі ерекшеліктер туралы танымды тұжырымдар береді [9].

Бұдан басқа да көптеген ғылыми зерттеулерде медиа-конвергенция технологиялық қана емес, әлеуметтік-мәдени трансформацияларда да бастаушы фактор екендігі дәлелденеді. Қазақ журналистика ғылымында конвергенция ұғымын әралуан коммуникация құралдарының (телевизия, радио мен газет-журналдар), интернет технологияның жақындасуы мен ықпалдасуы, бірігуі деген мағынада қолданылып жүр. Дегенмен, медиа саланың конвергенциясын көпөлшемді үрдіс түрінде қарастырған жөн. Шетелдік ғылыми қауымдастық дәл осы тәсілді қолданып, конвергенция феноменін басқа деңгейде жан-жақты, терең талдауды қолдайды. Өйткені, сапалы ақпараттық қоғам құруға ден қойған елдерде медиа-конвергенцияның атқаратын қызметіне үлкен мән беріледі.

Бұқаралық коммуникация құралдарының конвергенциясы бизнес, саясат және білім саласына, маркетинг пен жарнама тарату модельдеріне кең мүмкіндіктер ашады. Қызмет көрсететін, өндіруші компаниялар медиа платформалар арқылы миллиардтаған аудиторияға қол жеткізеді және өзара әрекеттесе қимылдайды. Саясатта медиа-конвергенция онлайн науқандардың ауқымын өсіреді әрі азаматтардың саяси процеске белсенді қатысуын ынталандырады. Білім беруде білім мен оқуға қол жеткізудің, білім беру тәжірибесін байытудың, ұстаздар мен білім алушы арасындағы байланысты жақсартудың жаңа тәсілдерін ұсынады.

Медиа-конвергенция құбылысын зерттеулер әлі де жалғаса береді және әлеуметтік медианың қоғамдық пікірге әсері, медиа науқандардың тиімділігі және тұтынушылардың мінез-құлқын өзгерту сияқты әртүрлі аспектілерді де қамтиды. Қазақстандағы медиа нарықта да осындай үрдістерді түсіну арқылы әлемдік ақпараттық тенденцияларды болжауға және аудиторияның талабына, сұранысына сәйкес стратегиялар дайындауға болады.

ХХ-ғасырдың 70-80 жылдары компьютердің пайда болуымен медианың адамзат тарихын қаншалықты өзгертетінін үлкен дәлдікпен болжаған канадалық әлеуметтанушы, философ Маршалл Маклюэн «Гутенберг галактикасы», «Ғаламдық ауылдағы соғыс пен бейбітшілік», «Медианы ұғыну» атты еңбектерінде implosion ұғымын қолданады. Implosion физиканың тілімен айтқанда бағытталған жарылысты білдіреді. Екі сала ішке бағытталған жарылыстың салдарынан бір-бірімен диффузияға түсіп, шекаралары жойылады. М.Маклюэн компьютерлік технологияларды осы жарылыс жасаған құбылыс деп бағалаған. Бұрын бірімен-бірі байланысқа түспеген салалар implosion берген импульстан бірігу, бір-біріне сіңісу, араласу сияқты процестерге түсіп отыр. Ғалам бір-біріне тәуелді мега-жүйеге айналуда, ғаламдану процестері үдемелі түрде жүріп жатыр. Жаппай интеграцияның әсерімен бұрындары бөлектеніп тұратын дербес және қоғамдық сананың бүтінделіп, тұтасқан моделі байқалуда. М.Маклюэннің ойынша, «адамдар ғаламдық ауылда өмір сүруде. Бұндай ауылдың бір орталығы жоқ, барлық жерде орталықтар бар. Шекаралар жойылған, бір әлемнен бір әлемге еркін көшіп-қонатын электрондық номадтардың өмір сүруіне ыңғайлы орта жасалған». М.Маклюэн қоғамдық қатынастардың трансформациясында басымдықты технологияларға береді [10].

Жойқын жылдамдық алған қазіргі технологиялық ағыспен жүзіп келетін адамзат өркениеті өзі де технологиялық формаға бейімделіп келетінін түсініп, оның салдарын болжай алар ма екен?! Бұл ғалымдардың назар аударуы тиіс адам мен технологияның қарым-қатынасынан туындайтын философиялық-этикалық проблема. Жасанды интеллект

пен басқа да технологияларды адам басқарып, өзінің қажетіне жарата ала ма, әлде адамдар компьютердің құлына айналып, технологиялар адамзат тарихын мүлдем басқа қауіпті арнаға бұрып жібере ма? Бұл да күрделі де, ызғарлы сұрақ.

Қалай болғанда да адамзат баласы бұрын болмаған медиа-конвергенция әлеміне қадам басты. Бұл әлемде технологиялық инфрақұрылым біздің ойымызды қалыптастыруға, жинаған біліміміз бен тәжірибемізді қолдануға, қоршаған ортаға деген көзқарасымызды өзгертуге қабілетті. Мануэль Кастэльс те технологиялық дауылдан кейінгі қоғамдық кеңістіктің өзгергенін айтып, интернет пен телекоммуникациялық жүйелердің революциялық кескініне, олардың технологиялық және әлеуметтік өлшемдеріне көңіл бөледі. М.Кастельс интернеттің тарихи маңызын мойындай келе, «интернеттің инфрақұрылымын телекоммуникация мен компьютерлік технологиялар құраса да, оның болашағын әртүрлі коммуникативтік формалар арқылы жүзеге асырылатын әлеуметтік іс-әрекеттер қамтамасыз ететін болады» деген қорытынды жасайды [11].

Дәл осындай әлеуметтік және технологиялық құрылымдардың интеграциясы тұжырымдары ақпараттық-коммуникациялық парадигмасы мен постиндустриалды қоғам теориясын зерттеуде негізге алынуда. Ақпарат өз бетінше технологияға ықпал ете алмайды, ал, технологиялар ақпаратты тарату формасына да, мазмұнына да әсер етуге қабілетті. Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектуалды жүйелер, машиналық оқыту (мысалы, GoogleTranslate және робот София, Siri мен Cortana виртуалды көмекшілер) күрделі қарым-қатынастар жасауға үйретілген, болжанбаған шешімдер қабылдай алады. Цифрлық әлемдегі ақпараттық-технологиялық парадигманың тағы бір ерекшелігі технологиялық құралдардың түрленуге, өзгерістерге икемділігі. Технологиялардың конфигурациялары жылдам жетілдіріліп, бірнеше нұсқада қолданыла береді. Компьютерлік бағдарламаларды да еш қиындықсыз өзгертіп, қызмет бағытын ауыстырып, қолданыс аясын да кеңейте аламыз.

Қазақстанның электрондық Үкімет платформасында технологияның осындай қасиеттері кеңінен қолданылып жүр. Жаппай компьютерлендіру бағдарламасы өзгертіліп, халыққа қызмет көрсету орталықтары ашылды. Азаматтар өміріне қажетті барлық құжаттар бір орталықтан электрондық нұсқада берілуде. Ұтымды жақтары көп: жылдам, тиімді, арзан және ыңғайлы.

2022 жылдың мәліметтері бойынша тек әлеуметтік салада 43 қызмет түрі электрондық форматта көрсетіледі. Оның 25-і проактивті, яғни, азаматтың өтінішін күтпей автоматты түрде орындалады. Жалпы республика бойынша, мемлекеттік қызметтердің 93%-ы автоматтандырылған, онлайн форматта 54 млн. қызмет көрсетілген.

Енді бірнеше жылда мемлекетте құжат айналымы тек электрондық формада жүргізілетініне ешкім таңданбайды. Электрондық коммерция мен құжат айналымы электрондық нұсқада жүргізілген сайын халықтың ақпараттық сауаттылығы, ақпараттық теңсіздік мәселесі де өзекті мәселелер қатарына шығарылуда. Кибер-кеңістікте азаматтардың құқықтарын, жеке мәліметтерін қорғауда мемлекет заңдар да қабылдап, бағдарламалық құжаттарды да бекіткен.

Азаматтардың кибер-кеңістіктегі қауіпсіздігін қорғауда конвергенция үрдістері де шешуші рөл атқаруда. Бұл мәселенің азаматтар үшін оңтайлы болуына алғаш америкалық ғалым Тимм О'Райли Web 2.0 деп атау берген коммуникациялық форматының ұтымды жақтары көп. Әлеуметтік қатынастарда билік пен қоғам арасындағы өнімді ақпарат алмасу, кері байланыс жүйелерін жасауда конвергенциялық тәсілдер тиімді қолданылуда [12].

Америкалық профессор Генри Дженкинс медиа-конвергенцияны көп сатылы, бірнеше деңгейде кешенді қызмет жасайтын феномен түрінде қарастырған. Ғылыми қауымдастықтың анықтамалық ізденістерін жүйелеп, бір ізге салуда профессордың еңбегі зор. Г.Дженкинс медиа-конвергенция процестерін 5 мағынада қарастыруды ұсынады: бұқаралық медиа құралдардың цифрлық форматқа көшірілуі; экономикалық конвергенция, ойын-сауық индустриясының қосылуы (телевизия, радио мен кино,

компьютерлік ойындар, кітаптар және басқа контент тасымалдаушы); органикалық конвергенция, ақпарат тұтынушы «көп істің стратегиясын» жүргізеді (бір мезгілде компьютерде жұмыс істеп отырып, жаңалықтар қарайды, телеарнаны көреді, электрондық поштамен жұмыс істейді); жаңа шығармашылық серпілістен туындаған мәдени конвергенция, медиа + басқа салалар + тұтынушының қиылысу нүктесінде пайда болады; ғаламдық конвергенция – мәдени гибридтенуден пайда болады, медиа контенттің халықаралық аудиториядағы айналымының нәтижесі [13].

Г.Дженкинстің ойын дамытар болсақ, медиа-конвергенция процесін технологиялық, өндірушілік, әлеуметтік және трансмедиялық платформаларда біріктіре қарау қажет деп ойлаймыз. Біздің байқағанымыздай, медиа-конвергенцияны шетелдік ғалымдар технологиялық өлшеммен ғана қарауды қолдамайды. Олардың тұжырымдары кешенді, бірнеше әлеуметтік логиканың қосындысы түрінде бекітілген. Мысалы, жаңа медиа қызметіне арналған көптеген еңбектер жазған голландиялық профессор Йоханна ван Дейк ханымның «Байланыс мәдениеті: әлеуметтік медианың сыни тарихы» және «Мәдени өндірісті платформалау» атты еңбектерінде әлеуметтік медиа платформалардың мәдени өндіріске әсері, соның ішінде қолданушылар жасайтын контенттің өсуі мен дәстүрлі медиа компаниялардың рөлінің өзгеруі талданған. Ван Дейк Утрехт университетінің медиа және білімді қоғам саласы бойынша құрметті профессоры, Амстердам университетінің медиа кафедрасының меңгерушісі және гуманитарлық факультетінің деканы болып қызмет атқарған әлемге белгілі ғалым.

Профессор технологиялық платформаларды бағалау өлшемдері контенттің мазмұнына да әсер ететінін жазады. Өйткені көптеген жаңалықтар жасайтын ұйымдар өздерінің мазмұн стратегияларын дәстүрлі сапа көрсеткіштерінен гөрі платформада талап етілген маркерлермен сәйкестендіруге мүдделі екенін атап айтады. Өз еңбектерінде ғалым мәдени өндірісті және желілік қоғамды өзгерте алатын технологиялық, экономикалық қатынастар жиынтығына назар аударады [14].

Кәсіпкерлер цифрлық платформалардың көмегімен аудитория мен жарнама берушілерді ойын, музыка мен видео, сән индустриясының сегменттерін таба алады. Сол себепті олар өндіріс және айналым стратегияларын қайта бағдарлайды. Бұндай процестер мәдени өндірісті, таратуды және маркетингі ұйымдастыруды түбегейлі өзгертеді. Цифрлық жаңалықтарды жариялау формасында қолданушының деректерін жүйелі жинау және алгоритмдік өңдеуден басқа жаңа контент жасау мен тарату режимдері де маңызды рөлге ие болуда.

Шетелдік ғалымдардың еңбектерін талдай отырып, медиа-конвергенция түсінігінің негізін Маршалл Маклюэн енгізген деген қорытынды жасауға болады. Медиа-конвергенция мен implosion болашақта гибридтік коммуникациялық жүйелердің іргетасына айналуы мүмкін деген философтың болжамы шындықтан алыс емес. Оған бүгінгі интернеттегі конвергенциялық үрдістер дәлел. М.Кастельс, Т.О'Райли мен Г.Дженкинс М.Маклюэннің тұжырымдарының дұрыстығымен келісіп, виртуалды кеңістіктегі процестерді түсінуде, әлеуметтік-мәдени өзгерістердің себептерін анықтауда технологиялық аспектілерге басты назар аударған.

Қазақ Елінің ақпараттық кеңістігінде соңғы онжылдықта орын алған реформалық түрленулер журналист қызметі мен оның кәсіби құзыретін, бұқаралық коммуникация ғана емес оған іргелес салалардың да бейнесін, мазмұнын жаңартуға жол ашты. Қазақстанның электрондық Үкіметін дамыту стратегиясында да конвергенциялық тәсілдердің қолданылуы, кибер қауіпсіздікке мән берілгені жайында жоғарыда айтылды. Цифрлық кеңістіктегі қауіпсіздік барлық елдердің қауіпсіздік және қорғаныс доктриналарында маңызды басымдық деп бағалануда. Мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігі елдің, қоғамның технологиялық әлеуеті мен азаматтардың цифрлық құзыреттерінің деңгейіне байланысты қаралуда. Кибер-мәдениетті қалыптастыру қажеттігі туралы да жиі айтылады. Медиа-конвергенция ғасырында кибер-мәдениетті қалыптастыру көптеген факторларға байланысты.

Компьютерлік желілер мен технологиялар адамның күнделікті өміріне, ойын-сауық, коммуникациялар мен бизнес сегменттеріне белсенді енгізіліп жатқандықтан, кибер-мәдениет тұжырымдамасы шынайы және виртуалды екі әлемнің тоғысында дүниеге келді. Кибер-мәдениет – постиндустриалды қоғамдардың дамуының жаңа бағыты. Ол ақпараттық технология жетістіктерінің пайда болуымен, дамуымен және адамзаттың әлеуметтік-мәдени өміріне енуімен тікелей байланысты. Кибер-мәдениет цифрлық технологиялар мен дербес компьютерлердің көмегімен қалыптасуда. Кибер-мәдениеттің ең ауқымды түрін интернет мәдениеті деп атауға болады. Интернет мәдениетке киберспорт, чаттар, тегін бағдарламалық қамтамасыз ету және т.б. кибер-мәдениет түрлері кіреді.

Түрлі медиа форматтар мен платформаларды біріктіретін медиа-конвергенция кибер-мәдениеттің дамуы мен эволюциясына ерекше ықпал етуде. Кибер-мәдениет жаңа дәуірдің құбылысы ретінде АКТ (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар) мен дәстүрлі мәдениеттің өзара әрекеттесуінің нәтижесінде пайда болды. Интернет желілерін, цифрлық құрылғыларды және онлайн платформаларды пайдалану әлеуметтік өзара әрекеттесудің, өзін-өзі жетілдірудің және мәдени көріністің жаңа формаларын өмірге әкелді. Мәдениеттің осы жаңа формаларының қалыптасуы мен дамуында медиа-конвергенция үрдістері айқындаушы рөл атқарады.

Медиа-конвергенция ортақ мүдделері мен құндылықтары бар адамдардың топтарына өзара әрекеттесіп, өздерінің мәдени болмысын қалыптастыратын цифрлық қауымдастықтардың пайда болуына әкелуде. Кибер-мәдениет блогтар мен подкастар, интернет мемдерден бастап, виртуалды әлем және компьютерлік ойындар сияқты онлайн шығармашылықтың әртүрлі нысандарын қамтиды. Конвергенция процесі осы алуан түрлі формаларды бір платформада немесе құрылғыда біріктіруге мүмкіндік беріп, кибер-мәдениеттің өрісінің кеңеюіне ықпал етеді. Яғни, кибер-мәдениеттегі мәдени көрініс формалары мәтіннің, суреттердің, дыбыс пен бейненің үйлесімі цифрлық өнердің және визуалды коммуникацияның жаңа түрлерін туғызуда. Осылайша, медиа-конвергенция өзара әрекеттесуді, шығармашылық құралдар мен платформаларды жетілдіру арқылы кибер-мәдениетті қалыптастыруда анықтаушы рөл атқарады [15].

Медиа технологиялар адамдар мен олардың әлеуметтік ортасының бұрынға дәстүрлерін бұзуда. Адам мен адамның қолымен жасалған технологияның арасындағы қайшылықтар жиі көрініс беруде. Нақты, шынайы өмірден жастардың виртуалды өмірді таңдауы, әлеуметтік желілерді қылымыстық пиғылмен, адам өміріне қауіпті істерде қолдану – кибер-қауіпсіздіктің маңызын анықтайтын фактілер. Кибер-қауіпсіздік, медиа-конвергенция мен медиа-мәдениеттің бір-біріне ықпалын, байланысын зерттеуде тек технологиялық аспектілермен шектелуге болмайды. Кез-келген кибер қауіптің виртуалды емес нақты өмірдегі адамға көзделгенін ұмытпауымыз керек. Сондықтан да, медиа-конвергенция мен цифрлық құралдардың өмірімізге мықтап ену проблемасын оларды қауіпсіз қолдану қағидаларымен қосып қарастыру қажет. Бұл – медиа-мәдениетке жүктелетін мәселе. Осы тұста адамдардың, әсіресе, жастар мен балалардың технологиялық құралдарға деген қажеттіліктері мен тілектерінің арасалмағын дұрыс бағамдап алу керек.

Цифрлық ұрпақ немесе цифрлық номадтар деп аталып жүрген буынның басым бөлігін 25 жасқа дейінгі жастар құрайды. Олардың өмір сүру ортасына байланысты ойлау жүйесі, сыни-шешім қабылдау тәжірибесі ата-аналарымен, аға буын өкілдерімен салыстырғанда мүлдем басқа. Маклюен жасаған тұжырымдар жапондық мәдени антрополог Мизуко Ито ханымның зерттеулерінде анық дәлелденеді. «Демалыс, серуендеу және компьютерлік ойындар ойнау: балалар жаңа медиамен өмір сүріп, үйренеді» атты Мизуко Ито мен біріккен авторлардың ғылыми жұмысында жастардың жаңа медиа технологиялармен және платформалармен әрекеттесу формалары сарапталған. Цифрлық медианың оқуға, әлеуметтік әрекеттесуге және жастардың мәдени өмірге қатысуына қалай әсер ететіні бұл жұмыстың басты мазмұнын құрайды. Ито және оның әріптестері медиа-конвергенция, жастар мәдениеті мен кітап оқу арасындағы байланыс туралы жүйелі түсініктер береді.

Бұл еңбектің ғылыми құндылығы – цифрлық дәуірдегі жастардың шығармашылық және ұжымдық тәжірибесін зерттей отырып, медианың әлеуметтік коммуникацияны, мәдени өндірісті және білім беру контекстерін қалыптастыратын түсініктерді кеңейтуінде [16].

Адамзат тарихында капиталистік үстемдік пен билік мәңгілікке жалғасатынына көпшілік ғалымдар күмәнмен қарайды. Сондықтан, технологиялық заңдылықтарды дұрыс бағамдап, медиа-білім мен медиа-конвергенцияны қажетінше қолданып, ұлттық педагогика мен ұлттық тәрбиені білім жүйесінің шеңберіне сыйғызуға қайраттану керек. Цифрлық технологиялардан өмірдің мәнін іздеу де шынайы өмірдің кескінін бұрмаланған күйде қабылдауға ұрындырады. Керісінше, Жаратылған әлемде цифрлық технологиялардың миссиясын зерттеп, пайдасы мен зиянын анықтап алу керек.

Басты мәселе – жаңа коммуникациялық формалар мен технологиялық жаңашылдықтар тағы да әлемдік корпорациялардың мүддесіне жұмыс істей ме, әлде нақты тұлғаның мүддесін қорғай ма деген сұрақтың төңірегінде болуы тиіс. Білім мен ғылым корпорациялардың табысын өсіруге емес, корпорациялар – адам мен адамзатқа қызмет етуге бұрылып, өзгерулері қажет. Ал, қазірше біз цифрлық табиғаттан туындаған интернет желісіндегі мәдениеттің төмендігі, бұғатталмаған жауапсыздық, кибер-терроризм мен кибер-қылмыс, адамдардың жеке территориясының тарылу тенденцияларының еріксіз кейіпкерлеріне айналуымыз. Аталған проблемалар қоғамдық қатынастарда маңызды мәселелер қатарына шығарылуда. Қауіптердің алдын алу үшін балабақша, мектептен бастап отбасында, оқу мен жұмыс орындарында, бұқаралық коммуникация құралдарында кибер-сауаттылық пен кибер-қауіпсіздік, кибер-қылмыстың алдын алу шаралары туралы ақпараттық профилактика шаралары жүргізілуі тиіс.

Демек, әлеуметтік коммуникация мен кибер-мәдениеттің аспектілеріне әсерін зерттеудің өзектілігі күннен-күнге өсе бермекші. Түрлі платформалар мен құрылғылар арқылы қауіпсіз медиа-контентті құруға және таратуға белсенді қатысатын, өз қызығушылықтарын, қажеттіліктері мен пікірлерін ашық білдіретін медиа-аудиторияның жаңа түрлерінің қалыптасуына ықпал жасау керек.

Ал бүгінгі медиа-конвергенция өрісінде цифрлық ортаның сипаттамаларына бейімделетін, икемді, серпінді және мульти-үлгідегі медиа жанрлар мен форматтар пайда болуда. Өз аудиториясының қажеттіліктері мен сұраныстарын ескеретін, әртүрлі коммуникация құралдары мен арналарын пайдаланатын, медиа үдерісінің басқа қатысушыларымен бірлесіп жұмыс істейтін журналистер мен басқа да бұқаралық коммуникация мамандарының рөлі мен функцияларын өзгертуде конвергенция үрдістерінің ықпалы анық білінеді.

Ақпараттың мол таралуы, әралуандығы мен көптеген платформалардан таралуы, жалған ақпарат пен зиянды контенттен туындайтын тәуекелдер жағдайында адам құқықтары мен қоғамдағы тыныштықты қорғауды қамтамасыз ететін медиа саласындағы этикалық және құқықтық нормалар мен қағидаларды қайта қарастыру қажет деп ойлаймыз.

Қорытынды тұжырымдар. Ғылыми мақала қазіргі қоғамдарда маңызды саналатын – медиа-конвергенцияның әлеуметтік коммуникация мен кибер-мәдениетті қалыптастырудағы рөлін зерттеуге арналған. Зерттеу бұқаралық ақпарат құралдарының конвергенциясы адамдар мен медиа арасындағы өзара әрекеттестіктің айқындаушы факторына айналғанын растады. Медиа-конвергенцияның әртүрлі аспектілерін және оның қоғамдық қатынастардағы орнын, дәстүрлі мәдениетпен байланысын талқылау барысында мынандай қорытынды тұжырымдар жасалды:

Біріншіден, медиа-конвергенция адамдардың ақпарат алу және пікір алмасу тәсілін айтарлықтай өзгерте отырып, интернет кеңістігінде цифрлық технологиялар және мобильді құрылғылар арқылы қалыптасқан жаңаша медиа форматтарды біріктіретін көптеген платформалар мен қызметтердің пайда болуына алып келді. Мысалы, «We Are Social» агенттігі мен «Hootsuite» платформасы жүргізген Global Digital Report 2022 зерттеуіне сәйкес, 2021 жылдың соңында 5 миллиардтан астам адам ұялы телефондарды

пайдаланады, ал әлеуметтік желіні белсенді пайдаланушылар саны 4,6 миллиард адамнан асқан (We are Social, 2022).

Бұл мәліметтер медиа құралдардың адамдардың күнделікті өміріне қаншалықты енгенін көрсетіп, оның әлеуметтік коммуникация мен кибер-мәдениеттегі маңызды рөлін растайды. Олар қолданушыларға ақпарат алудың және өзара коммуникацияның ең қолайлы жолдарын таңдауға мүмкіндік берді, әлеуметтік қарым-қатынастың ыңғайлы әрі оңтайлы тәсілдерін жасады.

Екіншіден, медиа-конвергенция кибер-мәдениеттің дамуына айрықша ықпал ететіні анықталды. Адамдар өздерінің цифрлық қауымдастықтары мен топтарын құра отырып, әлеуметтік желілер, форумдар, блогтар және басқа да онлайн платформалар арқылы өзара белсенді әрекеттеседі. Виртуалды кеңістікте олар білімдерімен, қызығушылықтары мен жаңа идеялармен бөліседі, осылайша, кибер-мәдениеттің заманауи формаларын жасайды. Сонымен бірге, Netflix және Spotify сияқты танымал стримингтік платформалар әртүрлі контентті (фильмдер, сериалдар, музыка) бір платформада біріктіріп, қолданушыларға мазмұнды таңдау және тұтынуды ыңғайлы етіп ұсынады. Яғни, медиа-конвергенция ақпарат пен ойын-сауықтың қолжетімділігі мен қолайлылығын жақсартатынын дәлелдейді.

